

ISSN 2709-4227

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУЫ

№ 1, 2025



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУЫ

*Баспагер: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі*

## Басылымның редакциялық алқасы

Бас редактор:

В. А. Тутушкин, ҚРҰБ Төрағасының орынбасары

Бас редактордың орынбасары:

А. М. Баймағамбетов, ҚРҰБ Төрағасының орынбасары

С. Б. Ағамбаева

ҚРҰБ Зерттеулер және талдама орталығы – департаменті

К. Е. Жусанғалиева

ҚРҰБ Зерттеулер және талдама орталығы – департаменті

Шығарылымға жауапты: А. В. Есафьева

ҚРҰБ Зерттеулер және талдама орталығы – департаменті

## Басылымның редакциялық алқасы

С. А. Аханов

э.ғ.д., профессор, Тұран университеті, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы  
Кеңесі Төрағасының Кеңесшісі

Н. А. Нұрсейіт

э.ғ.д., Қазақстан-Неміс университеті

К. К. Дамитов

э.ғ.к., Алматы Менеджмент Университеті Президентінің Кеңесшісі

Б. Р. Сырлыбаева

э.ғ.к., Қазақстан-Британ техникалық университеті

С. В. Попов

PhD in Economics, Кардифф Университеті, Ұлыбритания

М. Шукаев

PhD in Economics, Альберт Университеті, Канада

А. Алдашев

PhD in Economics, профессор, Қазақстан-Британ техникалық университеті

Ж. Ж. Ыбраев

Ph.D. in Economics, ҚРҰБ Қаржылық тұрақтылық және зерттеулер департаменті

---

Мақала авторларының жеке көзқарасы мен пікірі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми ұстанымын білдірмейді және онымен сәйкес келмеуі мүмкін.

ISSN 2709-4227

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУЫ

---

№ 1, 2025

МАЗМҰНЫ

Қазақстанның зейнетақы жүйесін талдау <i>А. І. Бекетова</i> .....	4
Мұнай саласындағы күтпеген өзгерістердің Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсері <i>Э. Е. Арнабекова, А. Р. Бріншинов</i> .....	23
Цифрландыру дәуірінде Қазақстанда және әлемде қолма-қол ақшаны пайдалану үрдісі <i>Ғ. Е. Ерболат</i> .....	31

## Қазақстанның зейнетақы жүйесін талдау

*А. І. Бекетова – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы ұйымдарын дамыту департаменті бағалы қағаздар нарығын және жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту басқармасының бас маманы*

*Бұл жұмыста Қазақстанның зейнетақы жүйесіне оның қалыптасуы мен дамуынан бастап қазіргі жай-күйі мен одан кейінгі реформалау перспективаларын бағалауға дейін жан-жақты талдау жүргізіледі. Мақалада зейнетақы жүйесінің тарихи эволюциясы, оның қалыптасуына әсер еткен заңнамалық өзгерістер мен реформалар қарастырылады.*

*Мемлекеттік бюджеттен төленетін төлемдерді, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуін қоса алғанда, зейнетақымен қамсыздандырудың қазіргі жай-күйін талдауға маңызды орын берілді. Жинақтаудың міндетті және ерікті компоненттеріне, сондай-ақ зейнетақы аннуитеттерінің рөліне ерекше көңіл бөлінеді.*

*Автор Қазақстанның зейнетақы жүйесін халықаралық бағалау туралы жұмыстарды қарастырып, оның артықшылығы мен кемшілігін анықтайды. Жүргізілген талдаудың негізінде шет елдердің тәжірибесін ескере отырып, жүйені реформалауға болатын жолдар ұсынылады.*

*Жұмыс әлеуметтік саясат саласындағы мамандарға, экономистерге, сондай-ақ Қазақстанның зейнетақы жүйесіне қатысты мәселелерге қызығушылық танытушыларға пайдалы болуы мүмкін.*

Негізгі сөздер: зейнетақы жүйесі, зейнетақы реформасы, зейнет жасы, ынтымақты зейнетақы, базалық зейнетақы, жинақтаушы зейнетақы, зейнетақымен қамсыздандыру, Қазақстан.

JEL-сыныптау: H55, J26, J14, G23, I38.

### 1. Қазақстан зейнетақы жүйесінің қалыптасуы мен дамуы

Қазақстанның зейнетақы жүйесі Кеңес Одағында қолданылған зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі негізінде қалыптасты. Себебі сол дәуірде Қазақ КСР-нің өз зейнетақы жүйесі болған жоқ. Алайда, тәуелсіздік жылдарында еліміз осы салада ауқымды құрылымдық және институционалдық реформалар жүргізді. Қазақстан Республикасы зейнетақы жүйесінің қазіргі жай-күйін талдау және бағалау үшін оның даму мен қалыптасу кезеңдерін ретімен қарастырған жөн (1-кесте).

1-кесте

#### Қазақстанның зейнетақы жүйесінің қалыптасу және даму кезеңдері

№	Кезең	Қысқаша шолу
1	1991–1995 жж.	КСРО зейнетақы жүйесіндегі өтпелі кезең. Ынтымақты зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін пайдалану.
2	1996–1998 жж.	Зейнетақы жүйесін реформалау бағдарламасын ендіру, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы № 136 Заңын қабылдау.
3	1998–2012 жж.	Жинақтаушы зейнетақы жүйесін ендіру. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықты (ЗТМО), мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақы қорларын құру.
4	2013–2017 жж.	«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңын қабылдау.

		Мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақы қорларын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-қа (БЖЗҚ) біріктіру
5	2018–2023 жж.	Зейнет жасын кезең-кезеңімен ұлғайту, зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мерзімінен бұрын алуға рұқсат беру, 2028 жылға дейін әйелдер үшін зейнеткерлікке шығу жасын ұлғайтуды уақытша тоқтата тұру.
6	2023 ж.	Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін ендіру.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдары Қазақстанда Кеңес Одағынан алынған зейнетақымен қамсыздандырудың ынтымақты жүйесі пайдаланылды. Бұл модель ұрпақтар арасындағы ынтымақтастық қағидаты бойынша жұмыс істеді, онда еңбекке қабілетті азаматтардың зейнетақы аударымдары зейнеткерлік жасқа толған адамдарға төленетін зейнетақы төлемдерін қаржыландыруға пайдаланылды. Бұл ретте белсенді қызметкерлердің болашақта кейінгі жұмыс істейтін ұрпақтар есебінен зейнетақымен қамсыздандырылатыны көзделді. Алайда экономиканың нарықтық форматқа ауысуы қолданыстағы тетікті жаңарту және заманауи экономикалық жағдайларға бейімделген жаңа жүйені әзірлеу қажеттілігін туғызды.

2-кесте

**Қазақстандағы зейнетақы жүйесін реформалау алдындағы экономикалық жағдай**

№	Факторлар	1990 жыл	1994 жыл	1995 жыл	1996 жыл	1997 жыл
1	Зейнеткерлердің еңбекке қабілетті халық санына арақатынасы, %	20,1	22,1	22,3	22,4	20,7
2	Экономикада жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам	7 560,0	6 581,8	6 551,5	65 18,9	6 472,3
3	Орташа өмір сүру ұзақтығы, жыл	68,7	65,1	63,7	64	64,4
4	Зейнеткерлер саны, мың адам	2 490	2 980	2 917	2 940	2 853
5	Жыл соңындағы зейнетақылардың орташа айлық мөлшері, теңге	....	994,8	1 876	3 283	3 554
6	Мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігі, ЖІӨ-ден %-бен	....	21,7	21,6	17,2	16,7

2-кестеде көрсетілгендей, экономикада жұмыспен қамтылғандар саны 1990 жылмен салыстырғанда 1995 жылы 13,4%-ға азайды, ал зейнеткерлер саны 17,2%-ға ұлғайды. Жұмысшылар санының азаюы экономикалық құлдырауға, жұмыссыздықтың өсуіне және ұлттық экономикадағы дағдарысқа байланысты болды. Бұл азаматтарға зейнетақы төлемдерін уақытында қамтамасыз етуде қиындықтар туғызды.

Белгілі бір кезеңде зейнетақымен қамсыздандырудың ынтымақты үлгісі жаңа экономикалық талаптарға төтеп бере алмады, содан өзгерістер енгізу қажет болды. Экономикалық ахуалдың нашарлауына байланысты реформа жүргізу қажеттілігі туындады. 1995 жылы 13 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы шараларды қоса алғанда, 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасын бекітті. Бірінші кезекте, зейнеткерлікке шығу жасын ұлғайту, зейнеткерлікке мерзімінен ерте шығуға берілетін жеңілдіктерді алып тастау, сондай-ақ экономиканың әртүрлі секторларындағы зейнетақы төлемдерін саралау сияқты қадамдарды атап өткен жөн. Осы шараларды іске асыру аясында 1997 жылғы 12 мамырда Үкіметтің № 819 қаулысымен Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау тұжырымдамасы бекітілді. Осы тұжырымдаманы іске асыру зейнетақы төлемдері көздерін бейтараптандыру

және мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасында зейнетақымен қамсыздандыру үшін жауапкершілік бөлуді оңтайландыру арқылы зейнет жасында лайықты өмір сүру деңгейі үшін зейнетақы төлемдерінің барабарлығын қамтамасыз етуге бағытталған.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануы Қазақстанның зейнетақы жүйесін дамытудың келесі маңызды кезеңі болды, ол ынтымақты жүйеден жеке зейнетақы жинақтары жүйесіне көшуді қамтамасыз етті. Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдері арасында зейнетақымен қамсыздандыру реформасын жасаған және жинақтау жүйесі негізге алынған аралас модельге көшкен бірінші ел болды. Реформалау кезінде Чили тәжірибесі пайдаланылды, оның негізгі қағидаты – қызметкерлердің ай сайынғы зейнетақы жарналарын жинақтаушы қорларға міндетті түрде аудару. Реформаның негізгі мақсаты – әр азамат өзінің болашақ зейнетақысының мөлшеріне жауап беретін әділ жүйені құру, оны «қанша жинасаң – сонша аласың» деп сипаттауға болады. Жеке зейнетақы жинақтау жүйесіне көшу кезінде жеке жинақтауға негізделген зейнетақының зейнеткерлердің негізгі табыс көзіне айналатыны көзделді. Қазақстанның зейнетақы жүйесін реформалауды іске асыру шеңберінде 1997 жылы Қазақстан Республикасының зейнетақы қорының негізінде Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық, қысқаша айтқанда – ЗТМО құрылды. Сонымен қатар, мемлекеттік және бірнеше мемлекеттік емес зейнетақы қорлары құрылды. ЗТМО зейнеткерлерге қызмет көрсетуге, зейнетақы тағайындауға, әлеуметтік жәрдемақылар төлеуге, зейнетақы жинақтарын аударуға және т. б. жауапты болды. Зейнетақы қорларына міндетті аударымдар (табыстың 10%) және жүйеге қатысушылардың қосымша ерікті жарналары түрінде түсетін ақшалай қаражатты жинақтау міндеті жүктелді. Бұл ретте мемлекеттің реттеуші рөлі халықтың зейнетақы жинақтарын құқықтық қорғау тетіктерін құру және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезінде базалық әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу болды. 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан азаматтары өз табысының 10%-ын міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) түрінде аударып бастады және олардың қосымша ерікті жарналарды енгізу мүмкіндігі де болды.

1998 жылғы 19 қаңтарда алғашқы міндетті жарна Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына (МЖЗҚ) аударылды, МЖЗҚ зейнетақы қызметтері нарығының алғашқы қатысушысы болды. Көп ұзамай жеке зейнетақы қорлары ашылып, азаматтар өз жинақтарын сақтайтын ұйымды таңдауға мүмкіндік алды. Қаражат негізінен МЖЗҚ-ға түсіп тұрды, ал жеке қорлар үшін белсенді түрде салымшыларды тартуға әрекет жасады.

Жоғарыда айтылғандай, жинақтаушы зейнетақы қорларының (ЖЗҚ) зейнетақы активтері жүйеге қатысушылар жалақысының оннан бір бөлігін құрайтын МЗЖ есебінен қалыптасты. Бастапқы жұмыс істеген кезеңде (1999 жылдың соңына дейін) осы төлемдер бойынша қаржылық жүктеме жұмыс берушілерге ғана жүктелді, бұл қызметкерлердің аударымдарды уақтылы болуын бақылауға деген қызығушылығын азайтты. Мұндай жағдай кәсіпорындар тарапынан ЖЗҚ-ға төлемдердің кешігуіне жағдай жасап, көлеңкелі экономиканың өсуіне ықпал етті, өйткені кәсіпорындар жарналар сомасын азайту үшін ресми кірісін азайту мүмкіндігіне ие болды. Бұл мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмыс берушілерді қызметкерлердің кірісінен МЗЖ ұстап қалуға және оларды жалақы төлеу кезінде ЖЗҚ-ға аударуға міндеттеді. Осы шаралардың нәтижесінде 2000 жылы ЖЗҚ-ға аударылатын зейнетақы жарналарының айтарлықтай ұлғайғаны тіркелді.

Зейнетақы жүйесін реформалаудың келесі кезеңі 2005 жылы мемлекеттік бюджет есебінен базалық зейнетақыны енгізуге байланысты болды, оның мақсаты – зейнетақы төлемдері төмен қарт адамдарға қолдау көрсету. Базалық зейнетақы Қазақстанның зейнет жасына толған барлық азаматына төленеді. 2018 жылға дейін ол барлық зейнеткер үшін бірдей мөлшерде төленді. Бірақ 2018 жылғы 1 шілдеден бастап есептеу тетігі өзгерді: енді ол зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты. Бұл әрбір азаматтың еңбек үлесін ескеріп, төлемдердің әділ болуына мүмкіндік берді.

Қазақстанның зейнетақы жүйесінің одан кейінгі дамуы мемлекеттік емес зейнетақы қорлары тарапынан бәсекелестіктің нығаюына байланысты болды, бұл оң өзгерістерге алып келді: әлсіз қорлар нарықтан кетіп, басқалары бірігіп, өз ұстанымдарын нығайтты. Алайда, жеке қорлардың инвестициялық стратегиясы экономикалық дағдарыспен қатар шығынға алып келді, соның салдарынан салымшылар өз жинақтарынан кіріс ала алмады. Ірі қорларға қомақты қаржылай ресурс жинақталды, олар ұлттық экономиканың ұзақмерзімді жобаларын қаржыландыруға бағытталуы тиіс еді. Алайда, осы тұжырымдаманың іс жүзінде жүзеге асуы бірқатар жүйелік кемшіліктерді анықтады. Нәтижесінде 2013 жылға қарай нарықта небәрі тоғыз ірі жекеменшік ЖЗҚ қызметін жалғастырды, олар: «Республика ЖЗҚ», «Отан ОЖЗҚ», «Капитал ЖЗҚ», «Атамекен ЖЗҚ», «Астана ЖЗҚ», «Мұнай-газ-Дем ЖЗҚ», «Грантум ЖЗҚ», «Ұлар-Үміт ЖЗҚ», «Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ».

Зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру үшін кезекті реформаларды жүргізу қажет болды. Негізгі міндеттердің бірі – зейнетақы активтерін басқарудың анағұрлым өнімді жүйесін құру. Нәтижесінде 2013 жылғы 11 қазан – 2014 жылғы 26 маусым аралығында зейнетақы активтері мен міндетті зейнетақы жинақтары жеке ЖЗҚ-дан БЖЗҚ-ға аударылды.

БЖЗҚ азаматтарды зейнетақы жинақтарымен қамтамасыз ету бойынша негізгі функцияларды орындайды. Оның негізгі міндеті – міндетті, ерікті және кәсіби зейнетақы жарналарын жинақтау, оларды сақтау және қаражатты тиімді басқару. Қор зейнетақы жинақтарын төлеп, салымшылардың жеке шоттарын жүргізеді және зейнетақы қаражатының жай-күйі туралы ақпараттың айқындылығын да қамтамасыз етеді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару ҚР Ұлттық Банкіне берілді.

БЖЗҚ-ға зейнетақы активтерін біріктіру мынадай теңдессіз артықшылықтарға алып келді:

- 1) операциялық шығыстың азаюы, соған сәйкес есептелетін инвестициялық кірістің артуы;
- 2) зейнетақы жүйесіне қатысушылардың дербес деректерін қорғау тиімділігінің күшеюі;
- 3) зейнетақы қызметтерін бірыңғай стандарттар бойынша, оның ішінде электрондық форматта ұсыну;
- 5) зейнетақы активтерін басқару сапасы мен айқындылығының артуы;
- 6) зейнетақы активтерінің нақты кірістілігінің артуы.

БЖЗҚ құру және зейнетақы активтерін шоғырландыру зейнетақы нарығын өзгертті әрі жинақтарға меншік құқығы, оларды мұраға алу мүмкіндігі, зейнетақы қаражатының сақталуына мемлекеттік кепілдік және шоттарды дербестендіру сияқты жинақтау жүйесінің негізгі қағидаттарын сақтап қалды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі – БЖЗҚ-ның құрылтайшысы әрі жалғыз акционері, оның атынан ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті өкілдік етеді. Ұлттық Банк БЖЗҚ-ға берілген зейнетақы активтерін басқарады.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлттық қорды басқару кеңесіне зейнетақы активтерін басқаруды жақсарту үшін ұсыныстар әзірлеу өкілеттігі өтті.


Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ-ның зейнетақы активтеріне қатысты қолданыстағы инвестициялық стратегия теңгерімді әрі онда жергілікті және шетелдік қаржы нарықтарында қаржы құралдарының ауқымды тізбесіне инвестициялау мүмкіндігі көзделеді. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялау БЖЗҚ инвестициялық декларациясының нарықтық қағидаттары мен талаптарына сәйкес БЖЗҚ салымшыларының (алушыларының) мүддесі үшін ғана жүзеге асырылады.

Зейнетақы активтері 2024 жылы 4,6 трлн теңгеге немесе 26%-ға ұлғайып, 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 22,4 трлн теңге болды (1-сурет). БЖЗҚ-да зейнетақы активтерін шоғырландыру аяқталған 2014 жылғы сәуірден бастап 2024 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде зейнетақы активтері 5 еседен аса өсті. 2016 жылдан бастап зейнетақы активтерінің валюталық үлесі кезең-кезеңімен 17%-дан 40%-ға дейін

ұлғайды. Бұл ретте валюталық активтерді тиімді басқару мақсатында активтердің сыныптары бойынша валюталық портфельдің нысаналы стратегиялық бөлінуі белгіленіп, шетелдік басқарушы компаниялар тартылды.

1-сурет

## Зейнетақы активтерінің динамикасы



2025 жылғы 1 қаңтарда теңгедегі портфельдің көлемі 13,4 трлн теңгені немесе БЖЗҚ зейнетақы активтерінің шамамен 60%-ын құрады. Теңгедегі портфельдің құрылымында шамамен 70% Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына салынатын инвестициялардың үлесіне, 15% квазимемлекеттік сектор субъектілерінің облигацияларына, 7% екінші деңгейлі банктерге тиесілі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары Қазақстанның бағалы қағаздар нарығындағы неғұрлым сенімді және өтімді қаржы құралдарына жатады. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін жергілікті нарыққа инвестициялау тұрақты инвестициялық кіріс алумен қатар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да ықпал етеді.

Зейнетақы активтерін инвестициялау эмитенттерге және олардың қаражатты пайдаланудағы түпкі мақсаттарына қарамастан, нарықтық мөлшерлемелер бойынша ғана жүзеге асырылады.

2025 жылғы 1 қаңтарда валюта портфелінің көлемі 17,2 млрд АҚШ долларын (9 трлн теңге) немесе зейнетақы активтерінің шамамен 40%-ын құрады. Валюталық ұстанымның болуы инвестициялау аумағын және қаржы құралдарының тізбесін кеңейту есебінен БЖЗҚ зейнетақы активтерінің портфелін әртараптандыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ ұзақмерзімді кезеңде инвестициялық портфельдің сапасы мен кірістілігін арттыруға мүмкіндік береді. Валюта бөлігі АҚШ-тың қазынашылық облигациялары, дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары, инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар және акциялар сияқты негізгі шетелдік активтер сыныптарына инвестицияларды көздейтін стратегиялық бөлуге сәйкес инвестицияланады. Валюта портфелі активтерінің индекс негізінде басқарылатынын атап көрсеткен жөн, мұнда индекс таңдап алынған инвестициялық нарықтардағы бағалы қағаздардың үлкен жиынтығын білдіреді.

Мысалы, акциялар индексі Apple, Microsoft, Tesla және басқалары сияқты компаниялардың 1000-нан астам эмитентін қамтиды.

Осылайша, Ұлттық Банк зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз етуге және ұзақмерзімді кезеңде нақты кірістілік алуға бағытталған теңгерімді инвестициялық саясат жүргізеді. 2024 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция 8,6% болғанда 17,8%-ды құрады. Зейнетақы активтерін шоғырландыру

аяқталғанда 2014 жылғы сәуірден бастап 2024 жыл аралығында жинақталған кірістілік мөлшері жинақталған инфляция 156% болған кезде 180,8%-ды құрады (2-сурет). Осылайша, Ұлттық Банктің басқаруындағы зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция деңгейінен жоғары қамтамасыз етіледі.



Қазақстанның зейнетақы жүйесін дамыту нәтижелерін бағалай отырып, зейнетақы жүйесінің орталықтандырылған операторы ретінде БЖЗҚ құру күрделі экономикалық ахуал жағдайында уақтылы және ақталған шешімге айналғанын атап өткен жөн.

2018 жылы 2027 жылға дейін 6 айға біртіндеп ұлғайта отырып, 58 жастан 63 жасқа дейін әйелдер үшін зейнетақы жасын кезең-кезеңмен арттыру басталды (2018 ж. - 58 жас 6 ай, 2019 ж. - 59 жас, 2020 ж. - 59 жас 6 ай, 2021 ж. - 60 жас, 2022 ж. - 60 жыл 6 ай, 2023 ж. - 61 жыл, 2024 ж. - 61 жыл 6 ай, 2025 ж. - 62 жыл, 2026 ж. - 62 жас 6 ай, 2027 ж. - 63 жас), ол қоғамда біршама пікірталас туғызды. Елдің зейнетақы жүйесіндегі кейінгі өзгерістер зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа шаралар кешенінің бір бөлігіне айналды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында әйелдердің зейнеткерлік жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде уақытша белгілеу туралы шешімін жариялады.

Соңғы жылдары Қазақстанда әсіресе тұрғын үй сатып алуға байланысты өзекті міндеттерді шешу үшін азаматтардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мерзімінен бұрын алу құқығы туралы мәселе белсенді талқыланды. Тұрғын үй мәселесі мемлекет үшін сияқты халық үшін де басым мәселе болып табылады. Осыған байланысты Мемлекет басшысы 2019 жылғы Жолдауында Үкіметке жыл соңына дейін жұмыс істейтін азаматтардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін, мысалы, тұрғын үй сатып алу немесе білім алу үшін нысаналы пайдалану мәселесін пысықтауды тапсырды. Осылайша, 2021 жылы халықты қолдау мақсатында БЖЗҚ салымшыларына жеткілікті шегінен жоғары өздерінің зейнетақы жинақтарын тұрғын үй сатып алуға және емдеуге, сондай-ақ жеке басқарушы компанияларға беруге мерзімінен бұрын пайдалану құқығы берілді. 2021 жылғы ақпаннан бастап салымшылардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мерзімінен бұрын алу көлемі шамамен 4,4 триллион теңгені құрады. Негізгі бөлігі (шамамен 85%) тұрғын үй мәселелерін шешуге пайдаланылды.

2023 жылғы 20 сәуірде қарттарға көмек көрсетуді қоса алғанда, әлеуметтік қолдаудың барлық аспектісін қамтитын Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі қабылданды. Оны ТМД мемлекеттері арасында қабылданған алғашқы әлеуметтік құжат деп атауға болады. Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы негізгі жаңалықтардың бірі – қазіргі кездегі зейнеткерлер үшін зейнетақы төлемдерін біртіндеп арттыру болды. Алдағы бес жыл ішінде базалық зейнетақы мөлшерін ұлғайту, сондай-ақ еңбек зейнетақысын есептеу үшін пайдаланылатын ең жоғары табысты 46-дан 55 ең төменгі есептік көрсеткішке (АЕК) дейін арттыру жоспарлануда (бұл орташа жалақының 70%-ын құрайды). Зейнетақы жинақтарын өз бетінше жинаған болашақ зейнеткерлер үшін 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушілерден қосымша зейнетақы жарналары енгізілді. Кодексте салымшылардың зейнетақы активтерін басқаруға құқықтарын кеңейтетін өзгерістер көзделді: салымшылар өздерінің міндетті жинақтарының 50%-ын инвестициялық портфельдерді басқарушыларға сенімгерлік басқаруға беруге құқылы (алайда Ұлттық Банктің басқаруында қалған қаражатқа ғана сақталудың мемлекеттік кепілдігі қолданылады), бұдан басқа, енді азаматтар жеткілікті шектен асатын жинақтарды тұрғын үйді сатып алу немесе емделу үшін ғана пайдалана алады.

## 2. Қазақстанның зейнетақы жүйесінің қазіргі жай-күйін талдау

Қазақстанның зейнетақы жүйесі экономикалық және әлеуметтік байланыстарға соншалықты терең кірігіп, күнделікті өмірдің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Дегенмен, оны бастау бірнеше рет өзгерістерге ұшыраған жеткілікті дамымаған заңнамалық базаны қоса алғанда, елеулі қиындықтар жағдайында болды.

Қазақстанның зейнетақы жүйесі халықаралық деңгейде танылды және реформа мен 1998 жылы басталған жинақтаушы модельге көшкені үшін атап өтілді. Дүниежүзілік банк пен ХВҚ Қазақстанды жинақтаушы зейнетақы жүйесіне ерте көшкені үшін жоғары бағалады. Олар Қазақстан кеңестік одақтан кейінгі кеңістікте міндетті жинақтарға негізделген модельге көшкен алғашқы елдердің біріне айналғанын атады. Бұл қадам зейнетақы жүйесінің орнықтылығын ұзақмерзімді қамтамасыз ету бөлігінде ілгерілеушілік ретінде бағаланды. ЭЫДҰ да Қазақстанның зейнетақы реформаларын жүргізудегі тәжірибесін мойындайды және оны басқа дамушы елдер үшін үлгі ретінде қарастырады. Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдерінде (мысалы, Польша, Латвия, Эстония) Қазақстанның тәжірибесі жинақтаушы зейнетақы модельдеріне көшуді талқылау контекстінде жиі еске алынды. Қазақстан міндетті зейнетақы жинақтары жүйесін енгізген елдің мысалы ретінде қарастырылды, бұл осы елдердің көпшілігін өз жүйелерін реформалауға шабыттандырды. Ресей, Украина, Беларусь сияқты ТМД елдерінде Қазақстан кеңес одағының кейінгі кеңістікте міндетті жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізудің алғашқы мысалдарының бірі ретінде қарастырылды. Бұл елдерде Қазақстанның моделі мемлекеттік бюджетке жүктемені азайту мақсатында зейнетақымен қамсыздандыруды реформалаудың табысты прецеденті ретінде аталды.

Қазақстанда көптеген елдерде сияқты көп деңгейлі зейнетақы жүйесі жұмыс істейді, ол зейнетақы кезеңінде азаматтардың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған икемді және кешенді тетік болып табылады. Зейнетақы жүйесінің әрбір деңгейі белгілі бір функцияны – ең төменгі мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз етуден бастап жеке жинақтарды қалыптастыруға дейін орындайды. Жүйенің құрылымында мына үш негізгі деңгей қамтылады. Бірінші деңгей – мемлекет бюджет есебінен төлейтін базалық және ортақ зейнетақы. Екінші деңгей – жинақтау жүйесі, онда әрбір жұмыс істейтін азамат ай сайын өзінің жалақысының 10%-ын БЖЗҚ-ға аударады, ал жоғары тәуекел жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлер үшін жұмыс берушілер жалақысының 5%-ын қосымша аударады – бұл міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ). Жинақталған қаражат инвестицияланады, ал зейнеткерлік жасқа жеткен кезде шот иесіне төленеді. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жинақтаушы зейнетақы жүйесі жаңа элементпен – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарымен (ЖМЗЖ) толықтырылды. Үшінші деңгей - азаматтарға

өз қаражаты есебінен өздерінің зейнетақы жинақтарын ұлғайтуға қосымша мүмкіндік беретін ерікті жинақтау жарналары.

## 2.1. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен зейнетақымен қамсыздандыру

**Жасына байланысты зейнетақы төлемі.** Ортақ зейнетақы, әсіресе, жинақтау жүйесі енгізілгенге дейін еңбек қызметін бастаған азаматтар үшін Қазақстанның зейнетақы жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Зейнетақымен қамсыздандырудың жаңа моделіне көшуге қарамастан, ортақ зейнетақы аға ұрпақты қаржылық кепілдіктермен қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады.

Ортақ зейнетақы 1998 жылға дейін кемінде алты ай еңбек өтілі барларға беріледі. Зейнетақы төлемдерінің мөлшері еңбек стажының ұзақтығына және жалақысының мөлшеріне байланысты. Есептеу үшін тіпті еңбек қызметінде үзілістер болса да 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап қатарынан кез келген үш жыл ішіндегі орташа айлық табыс пайдаланылады. 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап орташа табысты есептеу БЖЗҚ-да МЗЖ жүргізілген сомаға негізделеді. Ең жоғары зейнетақы 55 АЕК-ке тең сомамен шектелген орташа айлық табыстың 75%-нан аспайды (2025 жылы бұл 216 260 теңге болды).

Мемлекет зейнетақымен қамсыздандыруды қамтамасыз етеді және мынадай кепілдіктер береді. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткерлікке шыққан азаматтар жасына байланысты зейнетақы төлемдерін (ортақ зейнетақы) алу құқығын сақтайды, бұл ретте 1999 жылғы 1 сәуірге дейін белгіленген төлемдер мөлшері өзгеріссіз қалады. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алуға құқығы бар және бұл құқықты 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін уәкілетті органдарда растаған адамдар да осы төлемдерді алуды жалғастырады.

Жасына байланысты зейнетақы біртіндеп өзектілігін жоғалтады, өйткені оны алуға құқығы бар азаматтар саны жыл сайын қысқарады, оны төлеу шамамен 2043 жылға дейін жалғасады. Ерлер мен әйелдер үшін жасына байланысты зейнетақы мөлшері біртіндеп қысқарады, себебі 1998 жылғы 1 қаңтардағы еңбек стажы қысқарады. 1998 жылы Қазақстанда еңбекшілердің жаңа ұрпағы үшін негізгі болып табылатын жинақтаушы зейнетақы жүйесі енгізілді. Осы жүйе шеңберінде әрбір азамат өз жалақысының бір бөлігін БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) аударуға міндетті болды.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау 2001 жылғы 1 шілдеден бастап ерлерге 63 жасқа толғанда және әйелдерге 58 жасқа толғанда жүзеге асырылды. Бұл ретте Әлеуметтік кодекске сәйкес әйелдер үшін зейнеткерлікке шығу жасы мынадай кесте бойынша жүзеге асырылады:

- 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 58,5 жасқа толғанда;
- 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 59 жасқа толғанда;
- 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 59,5 жасқа толғанда;
- 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 60 жасқа толғанда;
- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 60,5 жасқа толғанда;
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 61 жасқа толғанда;
- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап 61,5 жасқа толғанда;
- 2029 жылғы 1 қаңтардан бастап 62 жасқа толғанда;
- 2030 жылғы 1 қаңтардан бастап 62,5 жасқа толғанда;
- 2031 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдері толық көлемде азаматтарға белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен кезде, еркектерге кемінде 1998 жылғы 1 қаңтарда 25 жыл жұмыс стажы болған кезде, ал әйелдерге 1998 жылғы 1 қаңтарда кемінде 20 жыл жұмыс стажы болған кезде тағайындалады. Бұл ретте бір мезгілде жасына байланысты зейнетақы төлемдерін және еңбек сіңірген жылдары үшін төлемдерді алуға құқығы бар азаматтар осы төлем түрлерінің бірін өздерінің қалауы бойынша таңдай алады (1-қосымша).

Осылайша, ортақ зейнетақы өздерінің жеке зейнетақы шоттарында жеткілікті қаражат жинақтап үлгермеген аға буын адамдар үшін әлеуметтік қорғаудың маңызды құралы бола отырып, жинақтаушы жүйеге көшкенге дейін ел экономикасына өз үлесін

қосқандарға кепілдік берілген төлемдерді қамтамасыз етеді. Болашақта ортақ зейнетақы Қазақстанның зейнетақы жүйесінің бір бөлігі болуын тоқтататынына қарамастан, оның зейнеткерлердің қазіргі ұрпағы үшін маңызы даусыз. Бұл тетік азаматтарды, әсіресе 1998 жылға дейін едәуір жұмыс стажы барларды қолдаудың маңызды құралы болып қала береді.

**Базалық зейнетақы төлемі.** Қазақстанның зейнетақы жүйесінің негізгі элементтерінің бірі қарт азаматтар үшін әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын базалық зейнетақы төлемі болып табылады. Базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жасына жеткен барлық азаматтарға арналған. Оның басты мақсаты – еңбек қызметін аяқтағаннан кейін егде адамдардың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып, ең төменгі табыс деңгейіне кепілдік беру. Ол 2005 жылы кедейліктің алдын алу шарасы ретінде енгізілді, бұл зейнеткерлердің табысы артуына ықпал етті. Базалық зейнетақы Қазақстанның барлық азаматтарына олардың еңбек стажына және міндетті зейнетақы жинақтары жүйесіне қатысуына қарамастан беріледі. Базалық зейнетақы алудың негізгі шарты белгіленген зейнеткерлік жасқа жету. 2025 жылға қарай Қазақстанда зейнеткерлік жас ерлер үшін 63 жасты, әйелдер үшін 61 жасты құрайды.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жылдан аз болған немесе ол болмаған кезде базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің (КД) 60%-ын құрады. 10 жылдан астам жұмыс өтілінің әрбір толық жылы үшін зейнетақы мөлшері 2%-ға ұлғайды, бірақ КД-ның 100%-нан аспауы тиіс. Президенттің тапсырмасына сәйкес 2023 жылдан бастап 2027 жыл аралығында ең төменгі базалық зейнетақыны 60%-дан 70%-ға дейін, ал ең жоғарғы зейнетақыны 100%-дан 120%-ға дейін кезең-кезеңмен ұлғайту енгізілді, бұл зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыруға және азаматтарды лайықты зейнетақымен қамтамасыз етуге бағытталды. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 65%-дан 70%-ға дейін (2025 жылы – 32 360 теңге), ең жоғары мөлшері 105%-дан 110%-ға дейін (2025 жылы – 50 851 теңге) ұлғайтылды.

Базалық зейнетақының мөлшері жыл сайын инфляция деңгейін ескере отырып түзетіледі, себебі оның мөлшері КД шамасына байланысты.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі:

1) жасына байланысты зейнетақы төлемдері 2018 жылғы 1 шілдеге дейін тағайындалған;

2) Конституциясында белгіленген лауазымда болу мерзімінің өтуіне байланысты өкілеттілігі тоқтатылған, өмір бойы ай сайынғы қамтылымды алатын ҚР Конституциялық Сотының судьяларын, өмір бойы ай сайынғы қамтылымды алатын отставкадағы судьяларды, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алатын әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлерін, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық пендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарды және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте еңбек сіңірген жылдары кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдарды, олар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында және мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарды қоспағанда, осы Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдарға беріледі.

Осылайша, базалық зейнетақы төлемі егде адамдар, әсіресе өзінің еңбек қызметі барысында жеткілікті қаражат жинақтай алмағандар арасында кедейлікпен күрестің маңызды құралы болып табылады. Осы тетіктің арқасында мемлекет базалық қажеттіліктерді қолдау үшін қажетті ең төменгі табысқа кепілдік бере отырып, зейнеткерлердің өмір сүру деңгейін қолдайды. Қазақстанда базалық зейнетақы егде

жастағы азаматтарды әлеуметтік қолдауда маңызды рөл атқарады және зейнеткерлікке шыққандардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, басқа табыс көздері есебінен өзін-өзі қамтамасыз ете алмағандарды қолдай отырып, әлеуметтік әділеттілікке кепілдік береді.

2024 жылы республикалық бюджеттен 2,4 млн адамға 3,7 трлн теңгеден астам зейнетақы төленді, оның ішінде базалық зейнетақыны төлеуге 1,2 трлн теңге, ортақ зейнетақыға 2,5 трлн теңге бағытталды.

## 2.2. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

**Міндетті жинақтау жүйесі.** Зейнетақы жүйесінің екінші деңгейі қызметкерлердің МЗЖ (10%), сондай-ақ жоғары тәуекел жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлер кірісінің 5% мөлшерінде МКЗЖ қамтиды.

Қазақстан ТМД елдері арасында Чилидің зейнетақы жүйесіне ұқсас әзірленген модель негізге алынған зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалауды жүзеге асырған алғашқы ел болды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бірыңғай зейнетақы жүйесі бұзылып, 1997 жылғы 20 маусымда «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заң қабылданды. 1998 жылы елде зейнетақы реформасы басталды. 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық жұмыс істейтін азаматтар өз табыстарының 10%-ын ЖЗҚ-ға ЖЗШ-ға аударуға міндетті болды. Зейнетақы реформасының негізгі әзірлеушілері: Даулет Сембаев пен Григорий Марченко<sup>1</sup>.

МЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар мына адамдарға:

- 1) жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа толған адамдарға;
- 2) егер мүгедектік мерзімсіз белгіленсе, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар азаматтарға;
- 3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға;
- 4) сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін ең төменгі зейнетақы жинақтарының ҚД 70%-нан төмен емес (2025 жылы – 32 360 теңге) сақтандыру төлемін қамтамасыз ету үшін жеткілікті болған кезде қырық бес жасқа толған азаматтарға беріледі.

Қазақстанда МЗЖ-ның сақталуына бірегей мемлекеттік кепілдік бар екенін атап өткен жөн. Ол зейнетақы төлемдеріне құқық туындаған кезде инфляцияны ескере отырып, ЖЗШ-ға нақты енгізілген сомаларды қайтаруды көздейді (жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа жету, шетелге тұрақты тұруға шығуды ресімдеу немесе I немесе II топтағы мерзімсіз мүгедектікті белгілеу).

2003 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушілер зиянды өндірістерде жұмыс істейтін қызметкерлердің пайдасына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын енгізе бастады. 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап бұл жарналар міндетті жарнаға айналды: жинақтаушы зейнетақы жүйесі шеңберінде зейнетақы жарналарының жаңа түрі – МКЗЖ енгізілді. Бұл төлемнің мақсаты мемлекеттің, жұмыс берушінің және зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкердің тең жауапкершілігі қағидатына негізделген міндетті кәсіптік зейнетақымен қамсыздандыру схемасын құру және нығайту болды. МКЗЖ есебінен алғашқы төлемдер 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап жүргізіле бастады.

<sup>1</sup> Даулет Сембаев – ҚР Ұлттық Банкінің 1993 жылғы 20 желтоқсаннан бастап 1996 жылғы 10 қаңтар аралығындағы кезеңдегі Төрағасы.  
Григорий Марченко – ҚР Ұлттық Банкінің 1999 жылғы 12 қазаннан бастап 2004 жылғы 6 қаңтар аралығындағы және 2009 жылғы 22 қаңтардан бастап 2013 жылғы 1 қазан аралығындағы кезеңдегі Төрағасы.

МКЗЖ – бұл жұмыс берушілер өндірістер мен кәсіптердің бекітілген тізбесіне енгізілген жағдайларда жұмыс істейтін қызметкерлердің пайдасына БЖЗҚ-ға енгізетін қаражат. МКЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері БЖЗҚ-да зейнетақы қаражатын жинаған мына адамдарға:

- 1) жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алатын адамдарға;
- 2) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар азаматтарға;
- 3) 55 жасқа толған және олар үшін жиынтығында кемінде 84 ай МКЗЖ төленген кезде Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істемейтін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға;
- 4) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға;
- 5) ЕКД-нің 70%-нан төмен емес сақтандыру төлемдерін қамтамасыз ететін сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитетін жасасу шартымен кемінде 60 ай МКЗЖ төленген 40 жасқа толған адамдарға беріледі.

Жұмыс берушілер қызметкерлердің пайдасына өз қорларынан қаражат аударатырып, МКЗЖ салымшылары ретінде болады. Республикалық еңбекті қорғау жөніндегі ғылыми-зерттеу институты жүргізген зерттеулер негізінде жасалған, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген кәсіптермен айналысатын азаматтар мынадай өлшемшарттар сақталған кезде МКЗЖ бойынша зейнетақы төлемдерін алу құқығын алады:

- зиянды өндірістік факторлардың болуы;
- еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда уақыттың кемінде 80%-ын жұмыс істеу;
- өндірістің ерекшелігіне байланысты зиянды еңбек жағдайларының болуы (3-сыныптан төмен емес).

Сонымен қатар 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жинақтаушы зейнетақы жүйесінің бөлігі ретінде жаңа шартты-жинақтаушы компонент – ЖМЗЖ енгізілді, оның жарналары 1975 жылғы 1 қаңтардан кейін туған қызметкерлер үшін жұмыс берушінің қаражатынан аударылады. Қызметкердің табысынан МКЗЖ мөлшері кезең-кезеңімен ұлғайып, мынадай болады:

- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 1,5%,
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2,5%,
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 3,5%,
- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 4,5%,
- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 5%.

Бұл ретте ЖМЗЖ-ны есептеу үшін ескерілетін табыс ең төменгі жалақы мөлшерінен (ЕТЖМ) төмен болмауы және ЕТЖМ-нің 50 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс. ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерінің ең жоғары сомасы екі еселенген ЕКД-ден аспауы тиіс.

Болашақта жұмыс берушілердің аталған жарналары есебінен қалыптастырылған жинақтар қызметкерлерге (ортақ жүйеде жұмыс өтілі жоқ, яғни 1998 жылға дейін) өмір бойы негізде төленетін зейнетақының неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ерікті жинақтау жүйесі. Ерікті зейнетақы жарналары азаматтар үшін қосымша зейнетақы жинақтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл тетік адамдарға өзінің зейнетақы табысын өз бетінше басқаруға мүмкіндік береді, лайықты қартаюды қамтамасыз ету үшін көбірек икемділік пен мүмкіндіктер береді.

Азаматтарға болашақта зейнеткерлердің қосымша табыс көзіне айналатын ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен өз жинақтарын ұлғайтуға қосымша мүмкіндік берілді.

Ерікті зейнетақы жинақтары (ЕЗЖ) міндетті жарналарды толықтырып, зейнеткерлікке шыққаннан кейін мейлінше жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз етеді.

Олар ресми табысы қомақты зейнетақы қаражатын жинауға жеткіліксіз болған адамдар үшін, сондай-ақ зейнеткерлікке шығудың жоғары деңгейін қамтамасыз еткісі келетін адамдар үшін пайдалы болуы мүмкін. Дегенмен, олардың танымалдылық деңгейі төмен болып отыр.

ЕЗЖ қаражатынан зейнетақы төлемдерін БЖЗҚ-да жинақтары бар мынадай адамдар ала алады:

1) 50 жасқа толған адамдар;

2) мүгедектігі бар адамдар;

3) Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар.

Пайдасына ЕЗЖ аударылған жеке тұлғалардың ашылған ЖЗШ-на ЕЗЖ есепке алынады. Жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ЕЗЖ есепке алу үшін ашылған ЖЗШ болмаған жағдайда, ол жұмыс берушілер қорға алғашқы жарналарды аудару кезінде ұсынған адамдар тізімі негізінде ашылады. Сонымен қатар ЕЗЖ-ны жеке тұлғаның өзі де өз пайдасына немесе басқа адамның пайдасына енгізе алады.

Алайда ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарына қатысты БЖЗҚ-дағы МЗЖ, МКЗЖ сияқты инфляция деңгейі ескеріле отырып сақталуы бойынша мемлекеттік кепілдік көзделмеген.

Ерікті жарналардың негізгі артықшылықтарының бірі – азаматтардың болашақ зейнетақы мөлшеріне дербес әсер ету мүмкіндігі. МЗЖ зейнеткерлікке шығудың жеткілікті табыс деңгейін қамтамасыз етпеуі мүмкін жағдайларда, ерікті жарналар бұл кемшіліктің орнын толтыруға мүмкіндік береді. Өзінің зейнетақы шотына қосымша қаражат салу зейнетақы кезеңі үшін неғұрлым орнықты қаржы базасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар ЕЗЖ-ның салық жеңілдіктері бар. Қазақстанның қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес ерікті зейнетақы жарналары түрінде енгізілген сома салық салынатын базадан шегерілуі мүмкін. Бұл азаматтар мен жұмыс берушілерді бағдарламаға қатысуға қосымша ынталандырады.

**Зейнетақы аннуитеті.** Зейнетақы аннуитеті – бұл БЖЗҚ салымшыларына жинақтау көлемі жеткілікті болған жағдайда белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін зейнетақы төлемдерін алуға мүмкіндік беретін сақтандыру өнімі.

Зейнетақы аннуитеті шарты салымшыға белгілі бір жастан бастап өмір бойы төленетін төлемдер ұсынады. Аннуитетті сатып алғаннан кейін БЖЗҚ-да қалған артық қаражат тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе емделуге ақы төлеуге жұмсалыуы мүмкін. 2025 жылы зейнетақы аннуитетін жасасу үшін 55 жастағы ер адам 8,6 млн теңге, ал 53 жастағы әйел 11,2 млн теңге жинақтауы қажет болады.

Сонымен бірге кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитеті бар, оны 45 жастан бастап сатып алуға болады, ал төлемдер 55 жастан басталады. Бұл үшін 45 жастағы ер адам – 7,2 млн теңге, ал әйел 9,1 млн теңге жинақтауы қажет.

БЖЗҚ-дан төленетін төлемдер салымшының зейнетақы жинақтары толығымен пайдаланылғанға дейін жалғасады. Зейнетақы аннуитеті бойынша сақтандыру ұйымынан төлемдер тіпті жинақталған қаражат аяқталған жағдайда да өмір бойы төленеді. Бұл төлемдердің аударылған қаражат көлеміне байланысты емес екенін білдіреді.

Зейнетақы аннуитетінің параметрлерін жақсарту үшін шартқа бір адамның ғана емес, ерлі-зайыптылардың немесе жақын туыстардың қатысуына мүмкіндік беретін бірлескен аннуитет моделі енгізілді. Бірлескен аннуитет жинақ қаражатты біріктіріп, табысты бөлуге мүмкіндік береді, бұл ерлі-зайыптылардың біреуінде аннуитетті сатып алу үшін жинақ қаражаты жеткіліксіз болса да, екі жақтың өмір бойы төлемдер алуына мүмкіндік береді.

### 2.3. Қорытынды

Қазақстанның зейнетақы жүйесі – көп деңгейлі және азаматтарды еңбек өтіліне, еңбек жағдайларына және зейнетақы жинақтарына қарай зейнетақы төлемдерінің әртүрлі

түрлерімен қамсыздандыруға бағытталған. Ол бөлетін және жинақтайтын зейнетақымен қамсыздандыру элементтерін біріктіреді, бұл жүйені экономикадағы және азаматтардың әлеуметтік жағдайындағы өзгерістерге бейімдеуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, зейнетақы жүйесінің негізгі міндеті барлық азаматты қартайған шағында тұрақты табыспен қамсыздандыру екенін атап өткен жөн.

Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіндегі қиындықтарға қарамастан, Қазақстанның жаңа жинақтаушы зейнетақы жүйесі экономикалық өсу кезеңінде ғана емес, сондай-ақ осы уақытқа дейін салдары сезіліп жатқан күрделі дағдарыс құбылыстары жағдайында да өзінің орнықтылығын көрсетті деп айтуға болады. Қазіргі уақытта оларды еңсеру, сондай-ақ зейнетақы қорларының тиімді жұмыс істеуі және болашақта жинақтау жүйесін одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау – маңызды міндет.

### 3. Қазақстанның зейнетақы жүйесін бағалау

2023 жылы Қазақстанның зейнетақы жүйесі алғаш рет халықаралық рейтингке – Mercer Consulting (Аустралия) консалтингтік компаниясымен бірлесіп әзірленген Mercer CFA институтының жаһандық зейнетақы индексіне кірді. Рейтингке әлем халқының 64%-ы тұратын 47 ел кіреді. Жаһандық зейнетақы индексіне зейнетақы жүйелері 50 түрлі өлшемшарт қамтылатын үш санат: барабарлық, орнықтылық пен тұтастық бойынша топтастырылған көптеген параметр бойынша бағаланады.

Талдау мен жан-жақты бағалаудың нәтижелеріне сәйкес 2023 жылы Қазақстанның зейнетақы жүйесі рейтингте 20-шы орынға ие болып, ықтимал 100 балл ішінен 64,9 балл және «С+» деген баға алды, бұл Гонконг, АҚШ, БАӘ, Колумбия, Франция мен Испаниядан жоғары. Есепте бұл елдердің зейнетақы жүйелерінің күшті жақтары да, сол сияқты ұзақмерзімді перспективада олардың тиімділігі мен орнықтылығын арттыру үшін жақсартуды қажет ететін аспектілері де бар екені атап өтілді.

Бағалаудың нәтижесі бойынша Қазақстанның зейнетақы жүйесі үш негізгі қосалқы индексте мынадай балл алды. Зейнетақы жүйесі ұсынатын табыс деңгейін бағалайтын барабарлық санаты бойынша Қазақстан Малайзия мен Түркия сияқты елдерден озып, 46,9 балл (100 балдан) алды, алайда зейнетақының ең төменгі мөлшерін және оны индекстеуді, халықтың зейнетақы жинақтарының деңгейін, сондай-ақ зейнетақы жинақтарын инвестициялау үшін мүмкіндіктерді жақсарту қажеттігі бар. Орнықтылық санаты бойынша Қазақстан Сингапурдан, Германиядан және АҚШ-тан асып, 74,8 балл алды. Бұл көрсеткіш жүйенің ұзақмерзімді перспективада орнықты бола алатынын көрсетеді. Зейнетақы қорларын реттеу мен басқаруды бағалайтын тұтастық санаты бойынша Қазақстан 80 балл алып, Швеция, Швейцария және Қытайды басып озып, 14-орын алды, өйткені Қазақстанның күшті жақтары сапалы реттеу мен зейнетақы жүйесіне қатысушыларды қорғаудың жоғары деңгейін қамтиды. Қазақстан орнықтылық пен тұтастық көрсеткіштері бойынша жоғары нәтиже көрсеткенімен, оның зейнетақы жүйесі барабарлығы бойынша әлсіз нәтиже көрсетіп, 47 елдің арасында 38-орынды иеленді.

Бағалаудың нәтижесі бойынша Қазақстанның зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту үшін Mercer компаниясының сарапшылары мынадай жалпы ұсынымдар қалыптастырды:

- ең кедей зейнеткерлерді қолдаудың ең төменгі деңгейін арттыру;
- үй шаруашылықтарының зейнетақы жинақтарының деңгейін көтеруге ынталандыру;
- зейнетақы жинақтарына қол жеткізуді шектеу арқылы зейнеткерлік алдындағы кезеңде жинақтардың әкетілуін қысқарту;
- өмір сүру ұзақтығы ұлғайған сайын егде жастағы адамдардың экономикаға қатысу еңгейін арттыру;
- зейнетақы жүйесіне қатысушылардың жылдық үзінді-көшірмелерінде болжамды зейнетақы төлемдерін көрсету талабын енгізу.

Mercer CFA институтының Қазақстанның зейнетақы жүйесін дамытуға арналған ұсынымдары оның ұзақмерзімді перспективада орнықтылығы мен әділдігін қамтамасыз

етуге бағытталған және елдің зейнетақы жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелерін іске асыру шеңберінде пайдаланылатын болады.

#### 4. Шет елдердің тәжірибесі

Көптеген дамыған елдердің зейнетақы жүйелері үш деңгейлі модель түрінде құрылымдалған. Бірінші деңгей – бұл негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ең төменгі табыс деңгейіне кепілдік беретін кедейліктен қорғау. Мұнда мемлекет төлемдерді бөлу қағидаты бойынша төлейді. Екінші деңгей еңбекке қабілетті халыққа бағдарланып, қаражатты зейнет жасында пайдалану үшін жинақтауға ынталандыруға немесе жұмыс істеу кезеңінде міндетті түрде жинақтауға бағытталған. Мұнда бөлу және жинақтау қағидаттарын қолдануға болады. Үшінші деңгей – ерікті зейнетақымен қамсыздандыру. Бұл жеке бастаманы білдіреді және сақтандыру компаниялары, банктер немесе жеке зейнетақы қорлары арқылы іске асырылады. Мемлекет бұл деңгейге қатыспайды.

Дамыған елдердің зейнетақы жүйелерін шартты түрде: жеке зейнетақымен қамсыздандыруы басым (мысалы, Аустралия, Дания, Финляндия) және мемлекеттік төлемдердің рөлі басым (мысалы, Италия, АҚШ, Бельгия, Германия) деп екі санатқа бөлуге болады. Бірінші санаттағы елдерде жеке зейнетақы бағдарламалары міндетті болады – олар заңнамалық деңгейде не ұжымдық шарттар арқылы реттеледі, бұл оларды ұлттық зейнетақы жүйелерінің маңызды бөлігіне айналдырады. Мемлекеттік зейнетақы жүйелері басым елдерде жеке зейнетақы бағдарламаларына қатысу көбінесе ерікті сипатта болады. Осыған байланысты қызметкерлердің аз ғана бөлігі негізінен мемлекеттік қамсыздандыруға сүйене отырып, жеке зейнетақы төлемдерін алады. Осындай тәсілдердегі айырмашылық халықты әлеуметтік қорғау деңгейінде және зейнетақы жүйелерінің қаржылық орнықтылығында көрінеді.

47 елді қамтыған Mercer консалтингтік компаниясының зерттеуіне сәйкес А санатындағы ең жоғары баға (80 балдан жоғары) Данияға тиесілі, ал Аустралия мен Финляндия В бағасын алды (75 балдан 80 балға дейін). Зейнетақы жүйелерін ұйымдастырудың сәтті модельдерін тереңірек түсіну үшін осы елдер жүйелерінің негізгі ерекшеліктерін талдаған жөн, өйткені олар зейнетақымен қамсыздандырудың тиімді әдістерін көрсетеді және көптеген басқа елдер үшін зейнетақымен қамсыздандырудың негізіне айналған үш деңгейлі модельді қолданады.

Данияның зейнетақы жүйесі – әлемдегі ең орнықты және теңдестірілген жүйелердің бірі, ол жеткіліктілік, орнықтылық және айқындылық сияқты көрсеткіштер бойынша ерекшеленеді. Оның мемлекеттік төлемдер, еңбек жинақтары және ерікті зейнетақы бағдарламалары қамтылатын көп деңгейлі құрылымы азаматтардың қартайған шағында тұрақты қаржылық жағдайын қамтамасыз етеді. Данияның зейнетақы жүйесінің моделі мынадай үш негізгі компоненттен тұрады:

1. Кепілдендірілген әлеуметтік зейнетақы. Бұл төлемдер зейнеткерлерді ең төменгі күнкөріс деңгейімен қамсыздандыруға арналған.

2. Еңбекпен жинақтау зейнетақысы. Бұл компонент белсенді еңбек қызметі кезеңіндегі және зейнеткерлікке шыққан кездегі табыс арасындағы алшақтықты азайтуға, сондай-ақ зейнеткерлердің өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған. Жарналарды жұмыс берушілер де, қызметкерлер де төлеп отырады, ал жинақ қаражат инвестицияланады. Бұл бағдарламалар мемлекеттік зейнетақыны толықтырып, зейнетақы төлемдерінің қомақты бөлігін құрайды. Жинақталған қаражат біржолғы болып, сондай-ақ 10-25 жыл ішінде жыл сайын немесе ай сайын төленуі мүмкін.

3. Жеке зейнетақы жинақтары және инвестициялар. Зейнетақы жүйесінің үшінші деңгейіне азаматтардың ерікті жинақтары мен инвестициялары кіреді. Олар сақтандыру компанияларын өздері таңдай алады, жарналардың мөлшерін, аударымдардың жиілігін және сақтандыру түрлерін анықтай алады.

Данияның зейнетақы жүйесі халықты қамтудың жоғары деңгейіне, қызметкерлерді жинақтау схемаларына автоматты түрде енгізуге және тиімді реттеуге байланысты әлемдегі ең орнықты жүйелердің бірі болып саналады.

Аустралияның зейнетақы жүйесі 2025 жылға қарай 67 жасқа толған ерлер мен әйелдердің зейнеткерлік жасын біртіндеп арттыруға баса назар аударады. Бұл стратегия дамыған елдердегі зейнеткерлер санының артуына және еңбек ете алатын халықтың азаюына байланысты жаһандық үрдістерді көрсетеді. Демографиялық өзгерістер мен көші-қон жағдайында Аустралияның жүйесінде жұмыс істейтін азаматтардың өз табысының бір бөлігін мемлекеттік қорға дербес аударуы көзделеді, одан кейін зейнетақылардың сақтандыру бөлігі қалыптастырылады. Аустралияның зейнетақы жүйесінде мынадай элементтер қамтылады:

1. Негізгі мақсаты зейнеткерлер үшін ең төменгі өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету болатын мемлекеттік зейнетақы. Ол мемлекеттік салық түсімдері есебінен қаржыландырылады. Жәрдемақының мөлшері табыс деңгейіне және мүліктің болуына байланысты: табысы мен мүлік жағдайы неғұрлым жоғары болса, жәрдемақы соғұрлым төмен болады.

2. Еңбек зейнетақысы. Аударымдар қызметкер табысының 18%-ы сомасын құрайды: жұмыс берушілер мен қызметкерлер 9%-дан төлейді. Бұл қаражат зейнетақы жоспарларына сәйкес жеке зейнетақы қорларына немесе сақтандыру компанияларына аударылады.

3. Дербес зейнетақы. Дербес зейнетақы шоттары ерікті түрде ашылып, шағын жарналар жасауға мүмкіндік береді. Еңбек зейнетақысы сияқты мұндай шоттарға салық салынады.

1992 жылы міндетті зейнетақы кепілдігінің енгізілуіне байланысты жұмыс берушілер үкімет, жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасындағы келісім шеңберінде қызметкерлерге зейнетақы жарналарын аударуға міндетті. Аустралияда жәрдемақы мен зейнетақы төлемдерін қосқанда, азаматтарға қаржылық қызметтер ұсынатын көптеген зейнетақы қорлары бар (3-кесте) жұмыс істейді.

3-кесте

### Аустралияның зейнетақы қорларының түрлері

Зейнетақы қорлары			
Корпоративтік	Салалық	Мемлекеттік	Жеке
- жұмыс берушілер ұйымдастырған; - нақты кәсіпорынның қызметкерлеріне арналған	белгілі бір саланың қызметкерлеріне арналған	Достастықтың, штаттың немесе аумақтың заңнамасына сәйкес жұмыс істейді	жеке тұлғалармен және жұмыс берушілермен қаржылық қызмет көрсетуші ретінде жұмыс істейді

Зейнетақы активтері әртүрлі қаржы құралдары мен жылжымайтын мүлікке инвестицияланады. Азаматтарға тәуекел деңгейі мен кірістілігі бойынша ерекшеленетін бірнеше инвестициялық стратегияны таңдау ұсынылады. Мемлекет барлық зейнетақы қорының қызметін бақылайды: олар өздерінің инвестициялық операцияларын тексеретін аудитордың қорытындысымен Аустралияның салық басқармасына<sup>2</sup> жыл сайынғы есептілікті беруге міндетті.

<sup>2</sup> Аустралияның салық басқармасы (Australian Taxation Office) – Аустралия үкіметінің жарғылық органы және Аустралия үкіметі үшін кіріс жинауға жауапты бас орган. Басқарма Аустралияның федералды салық жүйесі мен зейнетақы заңнамасын бақылауға жауапты.

Осылайша, Австралияның зейнетақы жүйесі халықты кеңінен қамту, қатаң реттеу және зейнетақы қорларын капиталдандырудың жоғары дәрежесі арқасында әлемдегі ең тұрақтылардың бірі болып саналады.

Финляндияның зейнетақы жүйесінің негізгі ерекшеліктері оның ашықтығы мен жақсы ұйымдастырылуы болып табылады. Көптеген дереккөздер мемлекеттік зейнетақы мен бірнеше зейнетақы төлемдерінің үйлесімі фин жүйесін орнықты ететінін атап көрсетеді.

Финляндияның зейнетақы жүйесі екі деңгейден тұрады: мемлекеттік зейнетақы және ерікті корпоративтік және жеке зейнетақы жоспарлары.

Мемлекеттік зейнетақыға мыналар кіреді:

– халықтық зейнетақы (мемлекеттік бюджеттен төленеді және табысы осы деңгейге жетуге мүмкіндік бермейтін азаматтар үшін ең төменгі күнкөріс деңгейіне үстемеақыны қамтамасыз етеді);

– зейнетақы табысының басқа көздері жоқ адамдар үшін кепілдендірілген зейнетақы;

– еңбек зейнетақысы. Қызметкерлер мен жұмыс берушілер (немесе кәсіпкерлер) бүкіл жұмыс істеген өмірінде зейнетақы қорына үнемі үлес қосады. Бұл қаражат жинақталады және болашақ төлемдердің негізін құрайды.

Ерікті зейнетақы жоспарлары азаматтар мен компаниялар сақтандыру сыйлықақылары есебінен қаржыландыратын корпоративтік және жеке схемалар шеңберінде іске асырылады.

Басқаша айтқанда, табысқа тәуелді зейнетақы зейнеткерлерді жұмыс кезінде олардың табыстарымен салыстыруға болатын деңгейде тұтынуды ұстап тұру үшін жеткілікті табыс деңгейімен қамтамасыз етуге арналған. Халықтық зейнетақы табысқа бағытталған зейнетақы жеткіліксіз болған жағдайларда ең төменгі табысқа кепілдік береді.

Ерікті зейнетақы схемалары, соның ішінде корпоративтік және салалықтық зейнетақы схемалары барған сайын танымал бола бастады, дегенмен олардың жалпы зейнетақы құрылымындағы рөлі шамалы болып қала береді.

Қорытындылай келе, Дания, Финляндия және Австралия сияқты елдердегі зейнетақы жүйелері негізінен заңмен бекітілген жеке қаржыландыру көздеріне негізделгенін атап өтуге болады. Бұл мақсаттар халықтың қартаю проблемасына тап болған және зейнетақы жүйелерін белсенді түрде жетілдіріп жатқан көптеген Еуропа елдеріне де қатысты.

Зейнетақы жүйелерін реформалаудың халықаралық тәжірибесін зерделеу жүйелердің тұрақтылығын арттыруға ықпал ететін әртүрлі тәсілдер мен олардың негізгі сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік береді. Әр түрлі елдердегі құрылымдағы, заңнамадағы және басқа да ерекшеліктердегі айырмашылықтарға қарамастан, зейнетақы жүйелерінің көпшілігінде ұқсас деңгейлі модельдер бар.

Үздік халықаралық тәжірибелерді пайдалану Қазақстанның зейнетақы жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігін айтарлықтай арттыра алады. Сонымен қатар, бұл тәжірибелерді азаматтардың әлеуметтік мүдделерін қорғау мен жүйенің қаржылық орнықтылығы арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ете отырып, жергілікті шындыққа бейімдеу маңызды.

## **Қорытындылар**

Қазақстанның зейнетақы жүйесі 1998 жылы қалыптасқан сәттен бастап, ел жинақтаушы модельге көшкен кезден бастап елеулі өзгерістерге ұшырады. БЖЗҚ-ны құру азаматтарды зейнеткерлікке шыққаннан кейін лайықты өмір сүру деңгейімен қамтамасыз етуге бағытталған тұрақты және сенімді жүйеге жасалған маңызды қадам болды. Бірқатар қиындықтарға қарамастан, жүйе дамуын жалғастыруда және оң нәтиже көрсетуде.

Қорытындылай келе Қазақстанның зейнетақы жүйесінің негізгі аспектілерін бөліп көрсетеміз:

1. Жинақтаушы жүйе болашақтың кепілі ретінде. Ең маңызды жетістіктердің бірі Қазақстанның әрбір азаматына өз зейнетақысын қалыптастыруға тікелей қатысуға мүмкіндік беретін жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізу болып табылады. Бұл модель жинақтауға жеке тәсілді ұсынады: адам қаншалықты ұзақ жұмыс істесе және қаншалықты көп қаражат салса, оның болашақ зейнетақы төлемдері соншалықты артады. Көптеген елдерде демографиялық өзгерістердің қысымына ұшыраған тарату жүйелерінен айырмашылығы, жинақтау жүйесі қолайлы және экономикалық әрі әлеуметтік сын-қатерлерге бейімделе алады. Жинақтаушы модельге көшу азаматтарды зейнеткерлікке қаржылық тұрақтылығын жоспарлауға ынталандыру арқылы болашақ әл-ауқат үшін жеке жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді. Осылайша, өз қаражатын басқарудың жаңа мәдениеті қалыптасады және зейнетақы жинақтарының маңыздылығы туралы хабардарлық артады.

2. БЖЗҚ тұрақтылықтың орталық құралы ретінде. БЖЗҚ-ны құру зейнетақы жүйесінің сенімділігі мен ашықтығын арттырудағы маңызды қадам болды. БЖЗҚ азаматтардың зейнетақы активтерін жинақтайды және оларды қауіпсіз инвестициялауды қамтамасыз етеді. Қордың маңызды артықшылығы оның мемлекеттік қолдауы болып табылады, ол жинақтаудың сақталуына кепілдік береді және ұзақмерзімді перспективада жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

БЖЗҚ өз қызметі туралы тұрақты есептер дайындайды және азаматтарға зейнетақы шоттарының жай-күйі туралы ақпаратқа онлайн-платформалар арқылы қол жеткізуді ұсынады, бұл жүйеге деген сенімнің өсуіне ықпал етеді. Қор жұмысының ашықтығы, сондай-ақ оның қызметін бақылаудың қатаң шаралары азаматтарға олардың зейнетақы жинақтары сенімді қорғалатынына сенімді болуға мүмкіндік береді.

3. Қатысушылар мен активтер санының өсуі. Соңғы жылдары зейнетақы жүйесіне қатысушылар санының, сондай-ақ жинақталған активтер көлемінің айтарлықтай өсуі байқалады. БЖЗҚ мәліметтері бойынша, салымшылар саны үнемі артып келеді, бұл азаматтардың жинақтаушы модельге деген сенімінің артып келе жатқанын көрсетеді. Жинақтардың жалпы сомасы да өсуде, бұл Қордың қаржылық тұрақтылығының және оның болашақ зейнеткерлерге төлемдерді қамтамасыз ету қабілетінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Бұл Қазақстан азаматтарының зейнеткерлікке шыққанда өз әл-ауқатын қалыптастыру үшін зейнетақы жүйесінің мүмкіндіктерін белсенді пайдаланатынын көрсетеді. Жинақтау көлемінің ұлғаюы жүйенің тұрақты қаржылық негіздері бар екенін және болашақта тұрақты төлемдерді қамтамасыз ете алатынын көрсетеді.

4. Халықты әлеуметтік қорғау және қолдау. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінен басқа, Қазақстанның барлық азаматтары үшін базалық зейнетақы төлемдеріне кепілдік беретін зейнетақы жүйесінің ынтымақты бөлігін қолдауды жалғастыруда. Бұл әсіресе жинақтары жеткіліксіз немесе жұмыс барысында экономикалық қиындықтарға тап болғандар үшін өте маңызды. Мемлекет базалық зейнетақыларды үнемі индекстейді, бұл зейнеткерлерді инфляциядан қорғауға көмектеседі және мұқтаж адамдар үшін ең төменгі табыс деңгейін қамтамасыз етеді. Осылайша, жинақтаушы және ынтымақты жүйенің үйлесімі табыс деңгейі мен еңбек өтіліне қарамастан халықтың кең тобына қолдау көрсететін икемді және бейімделгіш зейнетақы моделін жасайды.

5. Mercer CFA институтының жаһандық зейнетақы рейтингі. Қазақстанның 2023 жылы Mercer CFA институтының жаһандық зейнетақы индексіне 47 елдің арасында 20-шы орынға шығуы Ұлттық зейнетақы жүйесінің дамуындағы ілгерілеуді көрсететін маңызды жетістік болды. Тұрақтылық пен тұтастық қосалқы индекстерінің жоғары ұпайлары жүйенің ұзақмерзімді перспективада тұрақты болып қалу және зейнетақы қорларын сапалы басқаруды қамтамасыз ету қабілетін растайды. Дегенмен, сәйкестік индексі бойынша төмен көрсеткіш зейнеткерлердің табыс деңгейін арттыру қажеттігін

көрсетеді, ең төменгі зейнетақыны арттыруды және жинақтарды ынталандыруды талап етеді.

Әлеуметтік тұрғыдан осал зейнеткерлерді қолдау, жинақтарды ынталандыру және қаражатты мерзімінен бұрын алуды шектеу сияқты сарапшылардың ұсыныстарын орындау жүйені одан әрі нығайтудың маңызды қадамдары болуы мүмкін. Жылдық есептерде зейнетақы төлемдерінің болжамдарын енгізу қатысушылардың ашықтығы мен хабардарлығын жақсартуға көмектеседі. Осылайша, Қазақстанның зейнетақы жүйесін одан әрі жетілдіру оның әлеуметтік әділдігін арттырып қана қоймай, болашақ зейнеткерлер үшін лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ете отырып, оның халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

6. Ұзақмерзімді дамуға бағдар. Қазақстан Үкіметі мен Ұлттық Банк зейнетақы жүйесін жетілдіру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Зейнетақы бағдарламаларын одан әрі дамыту, инвестициялық мүмкіндіктер спектрін кеңейту, сондай-ақ зейнетақы жинақтарын қорғау жөніндегі шараларды күшейту жоспарлануда. Азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыруға ерекше назар аударылады, бұл тұрақты жарналардың маңыздылығын түсінуге және өз жинақтарын дұрыс басқаруға ықпал етеді.

Мұның бәрі зейнетақы жүйесін жаһандық экономикалық өзгерістер жағдайында оның орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған ұзақмерзімді даму стратегиясын айғақтайды. Бұл болашаққа бағдарлау жүйенің тұрақтылығы мен сенімділігінің маңызды факторы болып табылады.

## Әдебиеттер

1. Елемесов, Р.Е., Оспанбаев, Ж.А. және Жолдасбай, Ж.Б. (2021) «Становление и развитие пенсионной системы Казахстана: ретроспективный анализ». Ресейдің сыртқы экономикалық хабаршысы.
2. Mercer CFA Institute (2023) «Global Pension Index Report». [<https://www.mercer.com>](<https://www.mercer.com>).
3. Волошина, А.Ю. (2007) «Мировой опыт развития пенсионных систем: общемировые тенденции и межстрановые различия». Диссертацияның авторефераты. Мәскеу.
4. Werner, E., Connie, N. и Maarten, G. (2011) «Pension Systems in the EU - Contingent Liabilities and Assets in the Public and Private Sector». Brussels.
5. Reikhs, A.J. и Jarnefelt, N. (2018) 'Retirement trajectories and income redistribution through the pension system in Finland', «Social Forces», 97(1), pp. 27-53.
6. Горячева, С.П. және Дмитриева, О.Г. (2010) «Социальная политика и пенсионное обеспечение». Мәскеу: Мемлекеттік Дума басылымы.
7. Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексі (2023).
8. «Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы №841 (2014).
9. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
10. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (2023) «Ресми сайт». [<https://www.nationalbank.kz>](<https://www.nationalbank.kz>).
11. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (2023) «Официальный сайт». Мына мекенжай бойынша қолжетімді: [<https://www.enpf.kz>](<https://www.enpf.kz>).
12. Аманбаев М.Н. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін қалыптастыру және дамыту». Еуразияның әлеуметтік-экономикалық дамуы.

**Әскери қызметшілерді зейнетақымен қамсыздандыру**

№	Параметрі	Сипаттама
1	Таңдау құқығы	Жасы мен еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы алуға құқығы бар азаматтар төлем түрлерінің бірін таңдайды
2	Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы шарты	01.01.2016 ж. дейін мемлекет есебінен енгізілген МЗЖ-дан 50% қайтару
3	Алушылардың санаттары	- әскери қызметшілер (мерзімді қызметтен басқа) - арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері -фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері - атақтары/шендері жойылған адамдар (2012 жылдан бастап) - ПМ-де лауазымдары қысқартылған медицина қызметкерлері (2022/2023 жж.)
4	Еңбек өтіліне қойылатын талаптар	Көрсетілген органдарда кемінде 12 жыл және 6 ай қызмет ету және ТИЗО/пенитенциарлық жүйенің медициналық мекемелерінде жұмыс істеу.
5	1998 жылғы реформа санаттары	1. Еңбек сіңірген еңбегі > 10 жыл 01.01.1998 жылы – ынтымақты зейнетақы, МЗЖ жоқ. 2. Еңбек сіңірген еңбегі < 10 жыл – аралас зейнетақы: еңбек сіңірген еңбегі үшін 2% + 1998 жылға дейінгі еңбек өтілі үшін 1% + 20% жинақ. 3. 01.01.1998 жылдан кейін түскен – тек жинақтаушы жүйе.
6	Зейнетақыны саралау (2006)	Жұмыстан шығарылған жылына қарамастан, лауазымдары мен еңбек сіңірген еңбегі бірдей болған кезде зейнетақы мөлшерін біріздендіру жүргізілді.
7	2016 жылдан бастап өзгерістер	Барлық қызметкерлер толық мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруға ауыстырылды (жинақтау бөлігінсіз).
8	2016 жылғы реформаның салдары	Индекстеуді ескере отырып, екінші санат үшін зейнетақыны қайта есептеу. Үшінші санат толық мемлекеттік зейнетақыны ала алады: еңбек өтілі > 25 жыл, қызметі > 12 жыл 6 ай, жасы/штаты/денсаулығы бойынша жұмыстан босату.
9	Әлеуметтік кодекс бойынша инновациялар	МЗЖ пайдалану мүмкіндігі: - тұрғын үй жағдайларын жақсарту; - медициналық қызметтерге ақы төлеу (өзі, жұбайы (зайыбы) және (немесе) туыстары үшін). МЗЖ зейнеткерлік жасқа жеткенде пайдалануға болады.

## **Мұнай саласындағы күтпеген өзгерістердің Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсері**

*Э. Е. Арнабекова – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаменті ақша-кредит операциялары және алтын-валюта активтері басқармасының бас маман-дилері*

*А. Р. Бріншінов – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаменті ақша-кредит операциялары және алтын-валюта активтері басқармасының жетекші маман-дилері*

*Мұнай бағасы осы сектордың түсімдеріне жоғары тәуелділігіне байланысты Қазақстан экономикасы үшін құбылмалылық факторы болып табылады. Осы зерттеудің мақсаты мұнай саласындағы күтпеген өзгерістердің Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсерін зерттеу болып табылады. Мұнайдың ауытқуы экономикаға қалай әсер етеді? Мұнай саласындағы күтпеген өзгерістер орын алған кезде макроэкономикалық көрсеткіштердің динамикасы қандай болады? Қызығушылық тудыратын сұрақтарға сапалы және саны бойынша жауаптар алу үшін векторлық авторегрессия моделі (VAR) көмегімен талдау жүргізілді. Нәтижелер мұнай саласындағы оң күтпеген өзгерістің айырбастау бағамына үлкен әрі статистикалық маңызды әсер ететінін, сондай-ақ экономикалық белсенділікке оң әсер ететінін көрсетті.*

Түйінді сөздер: векторлық авторегрессиялық модельдер, мұнай саласындағы күтпеген өзгеріс, айырбастау бағамы, тасымалдау әсері.

JEL-сыныптау: C32, C52, E17, E31, E32.

### **I. Кіріспе**

Мұнай бағасының ауытқуы жаһандық экономикада шешуші рөл атқарады, бұл экспорттаушы елдердің де, мұнайды импорттаушылардың да макроэкономикалық тұрақтылығына айтарлықтай әсер етеді. Қазақстан әлемдік мұнай нарығындағы ірі қатысушылардың бірі ретінде мұнай секторының кірістеріне қатты тәуелді. Қара алтын экспорты жалпы экспорттың жартысынан көбін алады (56%), мұнай өндіру ЖІӨ-нің шамамен 16%-ын құрайды, ал мұнайдан түсетін кірісі мемлекеттік бюджет түсімдерінің үштен бірінен астамын құрайды. Экономиканың шикізат секторына тәуелділігі мұнай саласындағы күтпеген өзгерістердің экономикалық көрсеткіштерге әсерін зерттеудің маңыздылығын көрсетеді.

Осы зерттеу мұнай саласындағы күтпеген өзгерістердің Қазақстанның негізгі макроэкономикалық көрсеткіштеріне: қысқамерзімді экономикалық индикаторға (КЭИ) (экономикалық белсенділіктің проксиі), теңгенің АҚШ долларына валюталық бағамына және инфляцияға әсерін зерттейді.

2015 жылғы тамыздан бастап Қазақстан Ұлттық Банкі инфляциялық таргеттеу саясатын және теңгенің еркін өзгермелі режимін ұстанады, бұл айырбастау бағамын нарықтық жағдайларға барынша сезімтал етеді. Зерттеу кезеңі 2015 жылғы тамыздан 2016 жылғы желтоқсанға дейінгі жоғары құбылмалылық кезеңін қоспағанда, 2017 жылғы қаңтардан 2024 жылғы қарашаға дейінгі кезеңді қамтиды. Зерттеу сыртқы күтпеген өзгерістердің мұнайды экспорттаушы елдердің экономикасына әсерін зерттеуге үлес қоса отырып, макроэкономикалық көрсеткіштердің өзара әрекеттесуін талдау үшін векторлық авторегрессия (VAR) моделін пайдаланады.

### **II. Әдебиетке шолу**

Мұнай саласындағы күтпеген өзгерістердің макроэкономикалық көрсеткіштерге әсері, әсіресе мұнайдан түсетін кірістерге тәуелді елдерде кеңінен зерттелді. Сонымен,

Amanu El-Anshasy (2009), Amir Sadeghi (2017) зерттеулерінің нәтижелері мұнай бағасының өсуі мен мұнайды экспорттаушы елдердегі экономикалық белсенділік арасындағы оң байланысты көрсетті. Amanu El-Anshasy (2009) есептеулері мұнай бағасының өсуі ұзақмерзімді өсуге орташа оң әсер ететінін көрсетеді: мұнай бағасының 1%-ке өсуі ЖІӨ-нің 0,03 пайыздық тармаққа өсуіне әкеледі. Көптеген жұмыстар фискалдық саясат мұнай бағасының өзгеруін экономикаға беруде шешуші рөл атқаратынын атап көрсетеді. Gurvich et al. (2009) зерттеулерінде мұнай бағасы Норвегия, Ресей, Иран және Венесуэла экономикаларына айтарлықтай әсер ететіні көрсетілген. Алайда Қазақстан үшін мұнай бағасының ЖІӨ-ге немесе фискалдық көрсеткіштерге айтарлықтай әсері анықталған жоқ.

Мұнай саласындағы күтпеген өзгерістер мен өнеркәсіптік өндіріс арасындағы байланыс та зерттеу нысаны болып табылады. Zeunalov&Tiron (2022) ресурстарға тәуелді экономикаларда өнеркәсіптік өндіріс фискалдық және монетарлық арналарға байланысты мұнай бағасының өзгеруіне қатты тәуелді екені баяндалған.

El Anshasy et al. (2016), Chaoqun Ma et al. (2022) мұнай бағасының өсуі мұнай экспорттаушы елдердегі айырбастау бағамына оң әсер ететіндігін растайды. Golub (1983), Krugman (1983) бұл әсерді байлықты қайта бөлу тетігі (wealth channel) арқылы түсіндіреді: мұнай бағасының өсуі импорттаушы елдерден экспорттаушы елдерге ресурстардың ағылуына әкеледі, бұл мұнай импорттаушылардың валюталарын құнсыздандырады. Amano&van Norden (1998a, b), өз кезегінде, сауда шарттары арнасы (terms of trade channel) арқылы мұнай бағасы мен айырбастау бағамының байланысы туралы болжамды ұстанады: мұнай бағасының өсуі саудаланбайтын тауарлар (қызмет, құрылыс, көлік және т.б.) бағасының өсуіне алып келеді, бұл инфляцияның жалпы өсуіне және ұзақмерзімді перспективада нақты тиімді айырбастау бағамының нығаюына алып келеді. Сонымен қатар мұндай нығаюды күту бұл процестерді нақты іске асырғанға дейін номиналды айырбастау бағамының өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Мұнай бағасының ауытқуы инфляцияға да айтарлықтай әсер етеді. Әдебиеттерде бұл әсерді берудің екі арнасы сипатталған: тікелей арна – мұнайдың сыртқы күтпеген өзгерістеріне бейімделу үшін ішкі бағаның өзгеруі, жанама арна – айырбастау бағамының өзгеруі арқылы тасымалдау әсері (Kartaev&Medvedev (2019)). Czech&Niftiyev (2021) Қазақстандағы мұнайдың күтпеген өзгерістерінің салдарын берудегі теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының шешуші рөлін атап көрсетеді. Олардың зерттеу нәтижелері мұнай бағасының өсуінен туындаған валютаның нығаюы инфляцияны тұрақтандыруы мүмкін екенін көрсетеді. Сонымен қатар олар бұл қатынастар сыртқы күтпеген өзгерістер ішкі осалдықтарды күшейтетін COVID-19 пандемиясы сияқты экономикалық дағдарыс кезеңдерінде айқынырақ болатынын атап өтті.

Зерттеулер мұнай экспорттаушы елдерде мұнайдың күтпеген өзгерістерінің қосарланған сипатын көрсетеді. Бір жағынан, мұнайдың жоғары бағасы бюджет кірісін арттырады, бұл мемлекеттік шығысты арттыруға және экономикалық өсуді ынталандыруға мүмкіндік береді (Yoshino&Alekhina (2016)). Екінші жағынан, мұнай бағасының ұзақ уақыт жоғары болуы валютаның нығаюымен және шикізатқа жатпайтын секторлардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуімен сипатталатын «голландиялық ауруға» әкелуі мүмкін (Corden&Neary (1982), Egert&Leonard (2007)).

Бұл жұмыста VAR моделі мұнайдың күтпеген өзгерістерінің макроэкономикалық айнымалыларға динамикалық әсерін талдаудың танымал құралына айналды. Бұл әдіснамалар импульстік әсер және болжау қателіктерінің дисперсиясын жіктеу функцияларын бағалауға мүмкіндік береді, мұнайдың күтпеген өзгерістерінің берілу тетіктері туралы құнды деректер береді.

### III. Деректер

Бұл зерттеуде эмпирикалық талдау 2017 жылғы қаңтардан 2024 жылғы қарашаға дейінгі ай сайынғы деректерге негізделген. Бұл кезең мұнайдың бірнеше күтпеген

өзгерістерін: ковид, Ресей мен Украина арасындағы, Таяу Шығыстағы қақтығыстарды қамтиды.

Зерттеуде қолданылатын эндогендік айнымалылар мынадай болып анықталады:

$$Y_t = [C01, KEI, ER, CPI ],$$

мұнда:

C01 – кезең соңындағы мұнай бағасы,

KEI – қысқамерзімді экономикалық индикатор, 2016 желтоқсан=100,

ER – кезең соңындағы АҚШ долларының теңгеге шаққандағы айырбастау бағамы,

CPI – ТБИ индексі, 2016 желтоқсан=100.

Деректер Bloomberg Terminal және Ұлттық статистика бюросының сайтынан алынды. Барлық айнымалылар стационарлыққа автокорреляция функциялары (ACF), ішінара автокорреляция функциялары (PACF), Дики-Фуллер тесті (ADF) әдістерін қолдана отырып тексерілді. Деректердің стационарлығын қамтамасыз ету үшін барлық айнымалыға логарифмнің айырымдық трансформациясы (DLOG) қолданылды.

Холецкий бөліп көрсеткен импульстік әсерлер алдыңғы жұмыста (Yildirim & Arifli, 2021; Syzdykova, 2018) зерттелген экономикалық қатынастарды көрсететін айнымалылардың мынадай тәртібіне сәйкес есептелді: C01 -> KEI -> ER-> CPI. Айнымалылардың бұл тәртібі экономикалық берілу тетіктеріне сәйкес келеді, мұнда сыртқы факторлар фискалдық арна арқылы экономикалық белсенділікке әсер етеді, бұл валюта бағамының динамикасына әсер етеді және трансферттік әсерге байланысты инфляцияға әсер етеді.

VAR моделін тексеруге арналған Ерекше нұсқама мен тестілер қосымшада ұсынылған.

#### IV. Әдіснама

Зерттеуде айнымалыларды қарастырудағы икемділігіне байланысты эмпирикалық макроэкономикалық талдауда кеңінен қолданылатын векторлық авторегрессия (VAR) моделі қолданылады. Бұл әдісті Симс (1980) жасаған және Грейнджердің себептілік тестіне (Грангер (1969) негізделген. VAR моделі мен басқа авторегрессиялық модельдердің айырмашылығы – VAR моделі уақыт қатарлары арасындағы екі бағытты әсерді болжайды. Алдыңғы зерттеулер (Adler et al. (2019), Syzdykova (2018), Yildirim & Arifli (2021)) Қазақстан сияқты мұнай өндіруші және дамушы экономикаларда айырбастау бағамының динамикасын зерделеу кезінде VAR моделінің тиімділігін көрсетті. Жалпы VAR(p) моделі мынадай:

$$Y_t = \alpha_0 + \sum_{j=1}^p A_j Y_{t-j} + \varepsilon_t,$$

мұнда:

$Y_t$   $M \times 1$  векторын білдіреді,  $M$  уақыт қатарларын қамтиды,

$\alpha_0$   $M \times 1$  векторы, константаны қамтиды,

$A_j$   $M \times M$  коэффициенттерінің матрицасы,

$\varepsilon_t$  қателерді қамтитын  $M \times 1$  вектор.

VAR моделінің артықшылықтары бар, өйткені макроэкономикалық көрсеткіштер өздерінің бұрынғы мәндерінің сызықтық функциясы болып табылады және әрбір уақыт қатары басқа макроэкономикалық айнымалылардың бұрынғы мәндерінің сызықтық функциясы болып табылады.

Алайда, параметрлеу тығыздығы жоғары VAR моделдері іріктемеден тыс болжамдардың тұрақсыз болуына және құрылымдық талдау кезінде қиындықтарға әкелуі мүмкін.

**V. Модель нәтижелері**

Мұнайдың күтпеген өзгерістері мен макроэкономикалық көрсеткіштер арасындағы байланысты бағалау үшін VAR моделі және күтпеген өзгерістерге импульстік әсерлер есептелді. Импульстік әсер функциялары эндогендік айнымалылардың VAR жүйесіндегі басқа эндогендік айнымалыларға бір стандартты ауытқу мөлшерінде күтпеген өзгеріске реакциясын көрсетеді. Импульстік әсерлерді талдау бір айнымалының басқа айнымалыларға әсер ету ұзақтығын бағалауға, сондай-ақ қайсысы осы күтпеген өзгеріске ең үлкен реакцияны көрсететінін анықтауға мүмкіндік береді.

Модельдегі айнымалылар логарифмдердің бірінші айырымында қолданылғанын ескере отырып, Б айнымалысының n-ші айда 1%-ға өзгеруінен кейін А айнымалысына әсер етуді қалыпқа келтіру мақсатында VAR моделінің кумулятивті импульстік әсерлері негізінде Sansone and Justel (2016) зерттеуінде ұсынылған формулаға сәйкес есептелді:

A айнымалысының Б айнымалысының n – ші айда күтпеген өзгерісіне кумулятивті әсері  
B айнымалысының Б айнымалысының n – ші айда күтпеген өзгерісіне кумулятивті әсері


Осылайша, бұл көрсеткіш басқа Б айнымалысының 1% күтпеген өзгерісінен кейін А айнымалысының пайыздық мәнде өзгеруін көрсетеді. 1 және 2-суреттердегі графиктер осы формулаға сәйкес импульстік әсерлерді есептеу арқылы алынды және модельдің негізгі нәтижелерін көрсетеді.

1-суретте мұнай бағасының күтпеген өзгерісі тек валюта бағамына ең үлкен және статистикалық маңызды әсер ететіндігі көрсетілген. Осылайша, 1 айда мұнай бағасының 1%-ға өсуінің оң әсері сол айда теңгенің 0,12%-ға нығаюына әсер етеді және әсер 3 айға тұрақтанады, мұнда ұлттық валюта бағамы жиынтығында 0,09%-ға нығаяды. Мұнайдың күтпеген өзгерісінің валюта бағамына әсері статистикалық тұрғыдан маңызды.

1-сурет

**Мұнай бағасының 1% күтпеген өзгерісіне айнымалылардың кумулятивті импульстік әсерлері**

Коэффициенттер мен сенімгерлік аралықтар (±2 станд. қателер)



Дереккөз: авторлар құрастырған.


ҚЭИ-дің импульстік әсеріне сәйкес, мұнайдың оң күтпеген өзгерісі аясында индекстің өсуі байқалады, ең үлкен әсер 2 айда байқалады, әрі қарай тұрақтанады.

Мұнайдың күтпеген өзгерісінің инфляцияға әсері әлсіз теріс байланысты көрсетеді, әлсірейді және 4-5 айда тұрақтанады. Мұнайдың күтпеген өзгерісінің инфляцияға берілу әсері мұнай өнімдерінің бағасын мемлекеттік реттеу арқылы өзгеріп кетуі мүмкін, бұл өндіріс шығыстарының бағасына тікелей және дереу әсер етуге мүмкіндік бермейді.

Жоғары импортқа тәуелділікке байланысты инфляцияға тасымалдау әсеріне сәйкес айырбастау бағамы да әсер етеді (2-сурет). Бағамның 1% күтпеген өзгерісінен кейін инфляция 0,12 пайыздық тармаққа артады, жиынтық әсер 5-6 айда өз шыңына жетеді және одан әрі тұрақтанады (төмендейді).

2-сурет

### Теңгенің айырбастау бағамының 1% күтілмеген өзгерісіне айнымалылардың кумулятивті импульстік әсерлері



## VI. Қорытындылар

Осы жұмыс шеңберінде мұнайдың күтпеген өзгерісінің макроэкономикалық көрсеткіштерге: экономикалық белсенділікке, айырбастау бағамына және инфляцияға әсерін бағалау жүргізілді.

Модель нәтижелері мұнайдың теңге айырбастау бағамына елеулі әсерін көрсетті: мұнай бағасының 1%-ға өсуі айырбастау бағамының 0,09-0,12%-ға нығайтуға әсер етеді. Елдегі экономикалық белсенділікке мұнай бағасының өсуінің оң әсері және мұнай мен инфляция арасындағы әлсіз теріс байланыс та расталды.

Бұл ретте экономиканың импортқа жоғары тәуелділігі айырбастау бағамы өзгерістерінің инфляцияға әсерін анықтайды: айырбастау бағамының 1%-ға өзгеруі инфляцияның 0,12 пайыздық тармаққа өсуімен қатар жүреді.

Бірқатар зерттеулерге сәйкес, инфляциялық таргеттеу режимін енгізу сыртқы күтпеген өзгерістердің ішкі инфляцияға әсерін азайтуға ықпал етеді. Ақша-кредит саясатын тиімді жүргізу экономикалық агенттердің сенімін нығайтады және олардың нысанаға қол жеткізуге деген сенімін арттырады, бұл инфляциялық күтуді орнықты бекітуге ықпал етеді. Нәтижесінде сыртқы күтпеген өзгерістер инфляциялық күтуге аз әсер етеді.

Инфляциялық таргеттеуді енгізу, экономиканың әртараптандыруға, импортты алмастыруға және бюджеттік қағидаларды сақтауға бағытталған шаралармен бірге ақша-кредит саясатын тиімді жүргізу макроэкономикалық көрсеткіштердің сыртқы күтпеген өзгерістерге осалдығын төмендетуге мүмкіндік береді.

## Әдебиет

1. Adler, G., Lisack, N., & Mano, R. C. (2019). *Unveiling the Effects of Foreign Exchange Intervention: A Panel Approach*. IMF Working Papers. DOI
2. Amano, Robert and van Norden, Simon. (1998). *Oil prices and the rise and fall of the US real exchange rate*. *Journal of International Money and Finance*, 17(2), 299-316.

3. Amany El-Anshasy. (2009). *Oil prices and economic growth in oil-exporting countries*. In *Proceedings of the 32nd International IAEE Conference*, San Francisco, CA, USA, 21–24 June 2009.
4. Amany El-Anshasy, Kamiar Mohaddes, & Jeffrey B. Nugent. (2017). *Oil, Volatility and Institutions: Cross-Country Evidence from Major Oil Producers*. *Globalization Institute Working Papers* 310, Federal Reserve Bank of Dallas.
5. Amir Sadeghi. (2017). *Oil Price Shocks and Economic Growth in Oil-Exporting Countries: Does the Size of Government Matter?* IMF Working Papers 2017/287.
6. Balazs Egert & Carol S. Leonard. (2007). *Dutch Disease Scare in Kazakhstan: Is it real?* CESifo Working Paper Series 1961.
7. Czech, K., & Niftiyev, I. (2021). *The Impact of Oil Price Shocks on Oil-Dependent Countries' Currencies: The Case of Azerbaijan and Kazakhstan*. *Journal of Risk and Financial Management*, 14(9), 431. DOI
8. Corden, W. M., & Neary, P. J. (1982). *Booming sector and deindustrialization in a small open economy*. *Economic Journal*, 92, 825-848. DOI
9. Egert, B., & Leonard, C. S. (2007). *Dutch Disease Scare in Kazakhstan: Is it real?* CESifo Working Paper Series 1961.
10. Golub, S. (1983). *Oil Prices and Exchange Rates*. *The Economic Journal*, 93, 576-593. DOI
11. Granger, C. W. J. (1969). *Investigating Causal Relations by Econometric Models and Cross-Spectral Methods*. *Econometrica*, 37(3), 424–438. DOI
12. Gurvich, E., Vakulenko, E., & Krivenko, P. (2009). *Cyclical Properties of Fiscal Policy in Oil-Producing Countries*. *Voprosy Ekonomiki*, 2.
13. Jiang, Yong, Ren, Yi-Shuai, Narayan, Seema, Ma, Chao-Qun, & Yang, Xiao-Guang. (2022). *Heterogeneity dependence between oil prices and exchange rate: Evidence from a parametric test of Granger causality in quantiles*. *The North American Journal of Economics and Finance*, 62(C).
14. Kartaev P., Medvedev I. (2019). *Monetary policy and the effect of the oil prices pass-through to inflation*. *Russian Journal of Economics* 5(3): 1-1.
15. Krugman, P. (1983). *Oil and the Dollar*. In B. Jagdeeps, & P. Bulfordh (Eds.), *Economic Interdependence and Flexible Exchange Rates*. Cambridge, MA: MIT Press.
16. Naoyuki Yoshino & Victoriia Alekhina. (2016). *Impact of oil price fluctuations on an energy-exporting economy: Evidence from Russia*. *Journal of Administrative and Business Studies*, 2(4), 156-166.
17. Sims, C. A. (1980). *Macroeconomics and Reality*. *Econometrica*, 48(1), 1–48. DOI
18. Sansone, A. (2016). *Exchange rate pass-through to prices: Var evidence for Chile*. 19. 20-37.

## VAR моделінің ерекше нұсқамасы

## Vector Autoregression Estimates

Date: 30/12/24 Time: 13:19

Sample (adjusted): 2017M02 2024M11

Included observations: 94 after adjustments

Standard errors in ( ) &amp; t-statistics in [ ]

	DLOIL	DLKEI	DLUSDKZT	DLCPI
DLOIL(-1)	0.212363 (0.11767) [ 1.80468]	0.061763 (0.03195) [ 1.93335]	-0.003029 (0.03075) [-0.09848]	0.006850 (0.00343) [ 1.99511]
DLKEI(-1)	-0.680094 (0.37110) [-1.83264]	-0.199148 (0.10075) [-1.97670]	0.112499 (0.09698) [ 1.16000]	0.013244 (0.01083) [ 1.22322]
DLUSDKZT(-1)	0.342679 (0.45823) [ 0.74784]	-0.004903 (0.12440) [-0.03941]	-0.177547 (0.11975) [-1.48264]	0.056811 (0.01337) [ 4.24940]
DLCPI(-1)	1.337778 (2.72517) [ 0.49090]	1.691478 (0.73984) [ 2.28628]	-2.018142 (0.71219) [-2.83372]	0.716833 (0.07951) [ 9.01576]
C	-0.004594 (0.02386) [-0.19250]	-0.004896 (0.00648) [-0.75575]	0.019395 (0.00624) [ 3.11000]	0.001716 (0.00070) [ 2.46484]
R-squared	0.067079	0.125209	0.108943	0.490654
Adj. R-squared	0.025150	0.085893	0.068895	0.467762
Sum sq. resids	1.290356	0.095103	0.088127	0.001098
S.E. equation	0.120409	0.032689	0.031467	0.003513
F-statistic	1.599830	3.184651	2.720341	21.43346
Log likelihood	68.17349	190.7359	194.3165	400.4090
Akaike AIC	-1.344117	-3.951828	-4.028010	-8.412956
Schwarz SC	-1.208835	-3.816546	-3.892728	-8.277675
Mean dependent	0.002869	0.006200	0.004844	0.007196
S.D. dependent	0.121953	0.034190	0.032611	0.004815
Determinant resid covariance (dof adj.)		1.38E-13		
Determinant resid covariance		1.11E-13		
Log likelihood		868.4307		
Akaike information criterion		-18.05172		
Schwarz criterion		-17.51059		
Number of coefficients		20		

Төменде модель үшін лагтың оңтайлы санын анықтауға арналған кесте берілген. Шварц пен Ханна-Куинның ақпараттық өлшемшарттарына сүйене отырып, оңтайлы лаг 1-деңгейде таңдалды.

## VAR Lag Order Selection Criteria

Endogenous variables: DLOIL DLKEI DLUSDKZT DLCPI

Exogenous variables: C

Date: 30/12/24 Time: 13:20

Sample: 2017M01 2024M12

Included observations: 87

Lag	LogL	LR	FPE	AIC	SC	HQ
0	755.5163	NA	3.69e-13	-17.27624	-17.16286	-17.23059
1	796.7836	77.79115	2.07e-13	-17.85709	-17.29022*	-17.62883*
2	807.2534	18.77345	2.35e-13	-17.72996	-16.70959	-17.31909
3	823.0536	26.87850	2.38e-13	-17.72537	-16.25149	-17.13189
4	848.1594	40.40019*	1.95e-13*	-17.93470*	-16.00732	-17.15860
5	856.1960	12.19345	2.39e-13	-17.75163	-15.37076	-16.79293
6	872.7665	23.61765	2.42e-13	-17.76475	-14.93037	-16.62343
7	887.1237	19.14290	2.61e-13	-17.72698	-14.43910	-16.40305
8	896.2522	11.33197	3.23e-13	-17.56902	-13.82764	-16.06248

\* indicates lag order selected by the criterion

LR: sequential modified LR test statistic (each test at 5% level)

FPE: Final prediction error


AIC: Akaike information criterion

SC: Schwarz information criterion

HQ: Hannan-Quinn information criterion

VAR моделі стационарлық болады, өйткені модульдегі барлық кері мәндер біреуден аз және бірлік шеңбердің ішінде болады.

## Inverse Roots of AR Characteristic Polynomial



Қателіктердің автокорреляциясының болмауы туралы нөлдік гипотезаны жоққа шығаруға болмайды, ықтималдығы 0,05-тен жоғары.

## Цифрландыру дәуірінде Қазақстанда және әлемде қолма-қол ақшаны пайдалану үрдісі

*Ғ. Е. Ерболат – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаментінің Қорларды талдау және жоспарлау басқармасы бастығының орынбасары*

*Бұл зерттеу жұмысында әлемдік экономикада қолма-қол ақшаны пайдалану динамикасы, сондай-ақ цифрландыру аясында олардың Қазақстандағы айналысының ерекшеліктері зерттеледі. АҚШ, Еуроаймақ елдері, Ұлыбритания және Швецияны қоса алғанда, қолма-қол ақшаның өсуі мен төмендеу статистикасына баса назар аударатырып, әртүрлі елдердің тәжірибелері қарастырылуда. Технологиялық қайта құрулар мен қолма-қол ақшасыз төлемдердің өсуіне қарамастан, қолма-қол ақша, әсіресе экономикалық тұрақсыздық жағдайында, халық оларды қауіпсіз есеп айырысу құралы ретінде таңдаған кезде өз маңыздылығын сақтап қалатынын талдау көрсетіп отыр. Мақалада сондай-ақ қолма-қол ақшаның азияна байланысты тәуекелдер қарастырылады және қаржы жүйелерін жаңа шындыққа бейімдеудің маңызды құралы бола алатын орталық банктердің цифрлық валюталарын енгізу мәселесі көтеріледі. Зерттеу нәтижелері Қазақстанда және басқа елдерде қолма-қол ақша айналымын тиімді басқару үшін стратегиялық бағыттар бойынша ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.*

Негізгі сөздер: қолма-қол ақша, қолма-қол ақша статистикасы, банкноталар саны, қолма-қол ақшаның жеткіліктілік деңгейі, қолма-қол ақша айналымы, қолма-қол ақшасыз өлемдер, орталық банктердің цифрлық валюталары.

JEL-сыныптау: A10, A13, C10, C40, C43.

### 1. Әлемдегі қолма-қол ақша айналымы

Халықаралық есеп айырысу банкі қолма-қол ақшасыз төлемдердің динамикасы мен көлемін, сондай-ақ қолма-қол ақшаны пайдалану көрсеткіштерін қамтитын 20-дан астам дамыған және дамушы елдердің экономикаларына зерттеу жүргізді (Glowka, Kosse & szemere, 2023). Осы зерттеуге сәйкес, 2021 жылы пандемиядан кейін айналымындағы қолма-қол ақшаны пайдалану көрсеткіштерінің төмендеуіне қарамастан, ЖІӨ-ге қатысты қолма-қол ақша көлемі дамыған елдер тобында да, дамушы экономикаларда да пандемияға дейінгі деңгейден асып түседі. Сонымен қатар, Жапония мен Гонконгта қолма-қол ақшаны пайдалану көлемі елдің ЖІӨ-нің бестен бір бөлігінен асып түсті, ал Швецияда бұл көрсеткіш шамамен 1% болды.

Сан-Франциско Федералды резервтік банкінің 2023 жылғы талдауы (Cubides & O'Brien, 2023) АҚШ-тағы тұтынушылық төлем артықшылықтарының өзгеруін, әсіресе пандемия кезінде қолма-қол ақшасыз төлемге көшу контекстінде қарастырады. 2016 жылы қолма-қол ақшамен сатып алу АҚШ-тағы барлық сатып алулардың 31% құрады, ал 2022 жылы тек 18% құрады. Бұл төмендеу қолма-қол ақшаға деген сұраныстың болмауынан емес, қолма-қол ақшасыз транзакциялардың өсуіне байланысты. АҚШ тұрғындарының бір күндік өмірін зерттеу, банк қызметтеріне қол жеткізу қолма-қол ақшаны пайдалануға қатты әсер ететінін көрсетті: қол жеткізе алатындар үшін қолма-қол ақша операцияларының үлесі 2019 жылғы 25%-дан 2022 жылы 17%-ға дейін төмендеді, ал қол жеткізе алмайтындар 55%-дан 66%-ға дейін өсті, бұл халықтың осал топтары үшін қолма-қол ақшаның маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, 2022 жылы әмияндағы қолма-қол ақшаның орташа мөлшері 5 АҚШ долларынан 73 АҚШ долларына дейін өсті. Кредиттік карталарға көшудің тұрақты тенденциясына қарамастан, қолма-қол ақшаға сұраныс жоғары болып қала береді: тұтынушылардың көпшілігі жақын арада қолма-қол ақшадан бас тартуды жоспарламайды, бұл ретте әрбір бесінші адам осы төлем әдісін таңдайды.

2017 жылы Сан-Франциско Федералды резервтік банкі қолма-қол ақша айналымына талдау жүргізді (Nguilfoyle, 2017), ол жалпы әлемдік ЖІӨ-нің 75% құрайтын 42 елді қамтыды. Бұл талдау Apple Pay, Bitcoin және Square сияқты технологиялардың таралуына және олардың қолма-қол ақшаны пайдалануды ығыстыратыны туралы пікірлерге байланысты жүргізілді. Талдау екі көрсеткішті – ЖІӨ өсімі мен айналымдағы қолма-қол ақшаның өсуін салыстыруды қарастырды. Салыстыру көрсеткендей, екі елден басқа барлық елдерде айналымдағы қолма-қол ақша ЖІӨ-ге қарағанда тез өседі. Кері тенденциясы бар екі ел – Швеция мен Норвегия – мемлекеттік бастамалар, қаржы институттарын үйлестіру және электрондық инфрақұрылымды дамыту арқылы айналымдағы қолма-қол ақшаны азайту саясатын мақсатты түрде жүргізді.


Азия Даму Банкі жанындағы Талдау орталығы 2019 жылы «Қолма-қол ақшаға деген әлемдік сұраныстың артуы немен түсіндіріледі?» (Shirai & Sugandi, 2019), қолма-қол ақшасыз төлемдер мен төлемдер мен аударымдар саласындағы инновациялардың өсуіне қарамастан, айналымдағы қолма-қол ақшаның өсуін талдауды қарастырады. 11 дамыған елдің (Австралия, Канада, Дания, Еуроаймақ, Жапония, Оңтүстік Корея, Норвегия, АҚШ, Сингапур, Швеция, Ұлыбритания) және 11 дамушы елдің (Бразилия, Қытай, Үндістан, Индонезия, Малайзия, Мексика, Филиппин, Польша, Ресей Федерациясы, Тайланд, Түркия) статистикасы жиналды. Жүргізілген аналитикалық жұмыстың негізінде, басқа нәтижелермен қатар, Швеция мен Норвегиядан басқа барлық таңдап алынған дамыған елдерде айналымдағы қолма-қол ақша санының тұрақты өсу тенденциясы байқалғаны атап өтілді. Дамушы 11 елде өсу үрдісі дамыған елдерге қарағанда анағұрлым күшті, бұл ретте айналымдағы қолма-қол ақша саны азаятын елдер анықталмаған.

Экономикада қолма-қол ақшаға деген сұраныстың индикаторы ретінде қызмет ететін қолма-қол ақшаның ЖІӨ-ге қатынасын талдау кезінде АҚШ-та бұл көрсеткіш 7,8%-дан 8,9%-ға дейін өзгеретіні анықталды (1-сурет). Бұл белгілі бір елдің экономикасындағы қолма-қол ақшаның тұрақтылығы мен маңыздылығын көрсетеді. Швецияда қолма-қол ақшаның ЖІӨ-ге қатынасы 2015 жылғы 1,69%-дан 2022 жылы 1,1%-ға дейін төмендеді (2-сурет), бұл олардың ел экономикасындағы маңызды болуының төмендегенін көрсетеді. Дегенмен, Швецияның ішкі саясатының өзгеруіне байланысты көрсеткіштің одан әрі төмендеуі байқалмады.



Дереккөз: Trading Economics, 2023.

**Швеция экономикасындағы қолма-қол ақшаға сұраныс деңгейі**




Дереккөз: Statistiskdatabasen, 2024.

Жоғарыда аталған зерттеулердің нәтижесіндегі ақпаратты өзектендіру үшін әртүрлі елдердегі айналымдағы банкноталардың жан-жақты статистикасы жинақталған.

АҚШ-та 2000 жылдан бастап айналымдағы қолма-қол ақшаның өсуі байқалады, орташа жылдық өсу қарқыны 7% құрайды (Board of Governors of the Federal Reserve System, n.d.). 2020 жылы қолма-қол ақшаның 12%-ға күрт өсуі тіркелді, бұл өтімділіктің артуына және COVID-19 пандемиясы кезінде халықтың қауіпсіздікке деген қажеттілігінің артуына байланысты болуы мүмкін. Соңғы екі жылда айналымдағы банкноталар санының өсу қарқыны 9%-ға дейін жеделдеуі байқалды. 2024 жылы айналымдағы доллар саны 54,9 миллиард банкнотаға жетті. Соңғы 20 жылда бұл көрсеткіш екі еседен аса өсті және бір адамға 161 банкнотадан келді (3-сурет). АҚШ-та қолма-қол ақша негізгі төлем құралының бірі болып қала береді. Мәселен, 2021 жылы АҚШ-тағы барлық төлемдердің 29% қолма-қол ақшамен, 30% дебеттік карталармен және 32% кредиттік карталармен жүзеге асырылды, қалған төлемдер алдын-ала төленген және мобильді қосымшалармен төленген (Board of Governors of the Federal Reserve System, n.d.).

**Айналымдағы АҚШ доллары банкноталарының және жан басына шаққандағы банкноталардың саны**



Дереккөз: Board of Governors of the Federal Reserve System, n.d.

Еуроаймақта АҚШ-тағыдай айналымдағы банкноталар саны тұрақты түрде өскені байқалады. Бұл ретте айналымдағы қолма-қол ақшаның орташа өсімі шамамен 13% болды. Ең үлкен өсім – номиналы 500 еуролық банкнотаны қоспағанда, жоғары номиналды банкноталарда байқалады (European Central Bank, 2021). Номиналы 500 еуро болатын

банкноталар өндірісі 2014 жылы тоқтатылды. 2024 жылғы жан басына шаққандағы банкноталар санының көрсеткіші Еуропалық одақ елдерінің әр тұрғынына 66 банкнотаға бағаланады (4-сурет). Бұл көрсеткіш соңғы 20 жылда үш еседен көп өсті және еуроға деген сенім мен оны пайдалануды қолдайтынын көрсетеді.

4-сурет

**Айналымдағы еуро банкноталарының саны және жан басына шаққандағы банкноталардың саны**




Ұлыбританияда айналымдағы банкноталардың саны АҚШ пен ЕО-ға қарағанда айтарлықтай аз. 2024 жылы 4,7 миллиард дана фунт стерлинг болды. Дегенмен, жан басына шаққандағы банкноталар санының 69-ға тең көрсеткіші (5-сурет) Еуропалық одақтағы осы көрсеткішпен бірдей, бұл халықтың қолма-қол ақшаны көп мөлшерде пайдаланғанын көрсетеді. Ұлыбританиядағы айналымдағы банкноталар санының орташа жылдық өсу қарқыны соңғы 20 жылда 8,5% құрады.

2021 жылы айналымдағы қолма-қол ақшада рекордтық өсім тіркелді – 14,7% (Bankofengland.co.uk, 2017). Жоғары инфляцияға байланысты 2022 жылы Ұлыбританияда: Англияда 20%, Солтүстік Ирландияда 39%, Уэльсте 17% және Шотландияда 13% қолма-қол ақшаны шешіп алу көрсеткіші өскен. Бұл үрдіс заңды құбылыс, өйткені тұрақсыздық кезеңінде қолма-қол ақшаны қауіпсіз төлем құралы ретінде пайдалануда сұраныс жоғары болды.

5-сурет

**Айналымдағы фунт стерлинг банкноталарының және жан басына шаққандағы банкноталардың саны**



Канадада жан басына шаққанда 76 банкнота бар (6-сурет). Соңғы 20 жылда айналымдағы банкноталар саны орташа жылдық мәнде шамамен 6%-ға өскені туралы деректер Канададағы ақша айналымының тұрақты динамикасын көрсетеді. 2013 және 2020 сияқты жекелеген жылдары банкноталар саны айтарлықтай өскен және ол 10%-дан аса, бұл әртүрлі экономикалық факторлар мен қоғам қажеттілігіне байланысты болуы мүмкін (www.bankofcanada.ca, n.d.).

6-сурет

### Айналымдағы канадалық доллар банкноталарының және жан басына шаққандағы банкноталар саны



Еуропалық төлем кеңесінің ақпаратына сәйкес, Швеция әлемдегі алғашқы қолма-қол ақшасыз қоғам атағы үшін жарыста көш бастады: қолма-қол ақшаны пайдалану жылдар бойы азайып, жедел мобильді төлемдер мен басқа да жаңа технологиялар танымал болды. 2020 жылы айналымдағы қолма-қол ақшаны пайдаланудың төмендеу шыңына жетті, сол жылы барлық транзакциялардың 9%-дан аз қолма-қол ақша арқылы жүзеге асырылды (Payments in Sweden 2020 1, n.d.). Алайда, Швеция Банкі (Риксбанк) егде жастағы және мүмкіндігі шектеулі адамдарда, сондай-ақ шалғай аймақтарда жаңа технологияларды қолданудың қиындығына тап болады. 2019-2021 жылдары Швецияда ритейлер мен басқа мекемелерді қамтитын көптеген кибершабуылдар тіркелді. 200-ден аса ірі ұйымдарға шабуыл жасалды, нәтижесінде төлемдер мен аударымдар жүргізу мүмкін болмады. Сонымен қатар, қолма-қол ақша инфрақұрылымының деградациясы (айналымдағы қолма-қол ақша көлемінің аздығы, жұмысшылардың азаюы, Риксбанк пен коммерциялық банктердің жабық филиалдары, банкоматтардың болмауы) қолма-қол ақшамен төлемдерді жүргізуді қиындатты.

Швеция Төтенше жағдайлар агенттігі 2020 жылы соғысқа дайын болу қажеттігі туралы ақпарат таратқандығын айта кеткен жөн, онда өзге шаралармен қатар қолма-қол қаражаттың қолда болуы ұсынылады және электр энергиясының, интернет желісінің және басқа да коммуникациялардың болмай қалу ықтималдығы атап өтіледі.

2021 жылғы қаңтарда Швецияда банктерді қасалық қызметтердің толық тізбесін ұсынуға міндеттейтін «Төлем қызметтері туралы» Заңға түзету күшіне енді (бұл банкоматтардың халыққа қолжетімді болуын арттырды, есеп айырысу-қасалық бөлімшелердің болуын қамтамасыз етті және т.б.). 2021 жылы Риксбанк қолма-қол ақша айналымы бойынша өз ролін күшейту жөніндегі жоспарларды да жариялады, оның шеңберінде Швецияда қосымша филиалдар ашу және түрлі орындарда 5 ақша қоймасын ашу көзделген болатын (Riksbanken, 2021).

Қазіргі уақытта Швецияда айналымдағы қолма-қол ақша санының өсуі, сондай-ақ жан басына шаққандағы банкноталар санының өсуі байқалады (Riksbanken, 2018) (7-сурет).



## 2. Қазақстандағы қолма-қол ақша айналымы

2024 жылғы тамыздың аяғында Қазақстанда айналымдағы қолма-қол ақша сомасы жыл басынан бері 458 млрд теңгеге ұлғайып 4,5 трлн теңгені (8-сурет) немесе 11,3%-ды құрады. 2014 жылдан бастап 2024 жыл аралығындағы айналымдағы қолма-қол ақшаның орташа жылдық өсу қарқыны 13%-ды құрады. Соңғы 10 жылда айналымдағы қолма-қол ақша сомасының өсуі 3,1 трлн теңгені немесе 226%-ды құрады.



Қазақстанда айналымдағы қолма-қол ақша санының тұрақты өсуі байқалады. Банкноталар санының жыл сайынғы өсу қарқыны 2014 жылдан бастап 6%-ды құрайды. Қазіргі уақытта айналымда 626,6 млн банкнота бар. Жан басына шаққандағы банкноталар санының тұрақты өскені де байқалады, ол 2024 жылғы тамыздың аяғында бір адамға 31,1 банкнотадан келеді (9-сурет).


2018 жылдан бастап екінші деңгейлі банктерге қолма-қол ақша беру және алу көлемі ұлғайып келеді. Осылайша, 2018 жылдан бастап қолма-қол ақша беру көлемі 5,29 трлн теңгеден (1,11 млрд дана банкнота) 2022 жылы 6,50 трлн теңгеге (1,18 млрд дана банкнота) дейін немесе 23,2%-ға өсті, қолма-қол ақша алу көлемі 4,92 трлн теңгеден (1,07 млрд дана банкнота) 6,19 трлн теңгеге (1,15 млрд дана банкнота) дейін немесе 2022 жылы 26,1%-ға өсті.

**ҚР-да банкноттардың пайдаланылуы**



Қолма-қол ақшаны орташа бір күндік беру 26 млрд теңгені құрайды. Тұрақсыздық кезеңінде қолма-қол ақшаға сұраныстың күрт өсуі байқалады. Мысалы, коронавирус пандемиясын жариялаған кезде Қазақстанда күндізгі беру 100 млрд теңгені құрады (орташа бір күндік беруден 4 есе көп), ал Қазақстандағы Қаңтар оқиғасы кезінде беру 123 млрд теңгені (орташа бір күндік беруден 5 есе көп) құрады (10-сурет).

**2020 – 2024 жж. қолма-қол ақшаны күн сайын беру (млрд теңге)**



Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы Талдау орталығының зерттеуіне сәйкес ҚР-да қолма-қол ақшасыз жасалатын транзакциялардың өсу қарқыны баяулап келеді, бұл нарықтың шарықтау шегіне жақындағанын көрсетуі мүмкін (КҚҚ, 2024). 2022 жылдың бірінші тоқсанында қолма-қол ақшасыз жасалатын транзакциялардың өсімі 52%-ды құрады (жылдан жылға), ал 2021 жылдың осындай кезеңінде бұл көрсеткіш 124%-ға жетті. Абсолюттік мәнде қолма-қол ақшамен жасалмайтын транзакциялар көлемі бір жыл бұрынғы 12,5 трлн теңгеге қарағанда 2022 жылдың бірінші тоқсанында 19,1 трлн теңгеге дейін өсті. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында банкоматтардан қолма-қол ақша алу қарқыны, керісінше 3,4%-дан 11,1%-ға дейін өсті: 2024 жылғы бірінші жартыжылдықта қазақстандықтар банкоматтардан 11,9 трлн теңге, ал өткен жылдың осындай кезеңінде 10,7 трлн теңге алды.

Қазақстандағы қолма-қол есеп айырысуларға мобильді аударымдардың ықпалын да атап өткен жөн. Сандж зерттеулер орталығы (2024) дайындаған «Қолма-қол ақшаны пайдаланудың ортамерзімді перспективалары» талдамалық есебінде жасырын кәсіпкерлік қызметтің белгілерін анықтау үшін мобильді аударымдарды тексеруден қолма-қол ақшаға деген сұраныс жасырын болу және қаржылық операцияларды қадағалаудан аулақ болу қажеттілігінен ұлғаюы мүмкін деген гипотеза жасалды. Іс жүзінде бұл гипотеза тек микробизнес үшін ғана әділ болып шыққанына қарамастан, мобильді аударымдарды пайдаланушылардың үлесі 72%-ды құрайтынын ескерсек, мобильді аударымдар мониторингін күшейту кезінде мобильді аударымдар арқылы жүзеге асырылатын есеп айырысулар қолма-қол ақшаны пайдалануды ұлғайтуға ықпал ете отырып, қолма-қол қаражатпен де жүзеге асырылуы мүмкін.

### 3. Орталық банктердің цифрлық валюталары

Халықаралық есеп айырысу банкінің зерттеуінде (Glowka, Kosse және Szemere, 2023) цифрлық және байланыссыз төлемдердің дамуына қарамастан, қолма-қол ақшаға деген сұраныс әлі де бар екені атап өтілген. Осыған байланысты әлемде қолма-қол ақшаға деген қоғамдық сұранысты қалай қанағаттандыру туралы орынды сұрақ туындайды, ол жыл сайын неғұрлым цифрлы бола түсуде. Осы контексте көптеген елдердің орталық банктері цифрлық валюталарды шығару мүмкіндігін зерделеуде, ал кейбіреулері орталық банктердің цифрлық валюталарының (ОБЦВ) әртүрлі пилоттық жобаларын ендіріп немесе әзірлеуде.

ОБЦВ мемлекеттік орталық банктер шығаратын және реттейтін ұлттық валюталардың цифрлық нысандары болып табылады. Соңғы жылдары қаржы жүйелерін цифрландырудың жаһандық үрдістеріне және тұтынушылар артықшылықтарының өзгеруіне байланысты ОБЦВ-ға назар айтарлықтай өсті.

Көптеген елдер, оның ішінде Қытай (сандық юань жобасымен) және Швеция (e-krona жобасымен), ОБЦВ-ны белсенді түрде зерттеп, тестілеуде. Бұл қаржы жүйесін жаңғырту құралы ретінде цифрлық валюталарға деген қызығушылықтың өсуін растайды. Әлемнің орталық банктерінің 80%-дан астамы цифрлық валюталарды ендіру мүмкіндіктерін зерттеуде (Atlantic Council, 2024). Өзінің функционалдық мақсаты бойынша ОБЦВ қолма-қол ақшаға неғұрлым жақын төлем жүйесі болып табылатындықтан, бұл қолма-қол ақшаға балама ұсына отырып, қолма-қол ақшасыз қоғамға көшу факторларының бірі болуы мүмкін. Дегенмен, ОБЦВ кибер шабуылдар мен алаяқтықтан қорғау үшін жоғары қауіпсіздік стандарттарын талап етеді. Пайдаланушылардың жеке деректерінің сақталуына және транзакцияларды бақылауға қатысты алаңдаушылық та бар.

Қазақстанда қолма-қол ақшасыз және қолма-қол ақшамен қатар Қазақстанның ұлттық валютасының үшінші нысаны болатын Цифрлық теңге жобасы да жүргізілуде, ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің міндеттемелерімен қолдау көрсетілген нарық қатысушылары үшін қосымша төлем құралын қамтамасыз етеді.

Орталық банктердің цифрлық валюталары қаржы жүйелерінің эволюциясында маңызды қадам болып табылады. Олар қаржылық қызметтердің қолжетімділігі мен қауіпсіздігін жақсартуы мүмкін, бірақ қауіпсіздік пен жасырындылық мәселелеріне мұқият қарауды талап етеді. Экономиканы цифрландырудың өсуі жағдайында ОБЦВ болашақ қаржы экожүйесінің ажырамас бөлігі болуы мүмкін.

### 4. Қорытынды

Зерттеу көрсеткендей, қолма-қол ақшасыз жүргізілетін технологиялардың белсенді дамуына қарамастан, қолма-қол ақша АҚШ пен Еуроаймақты қоса алғанда, көптеген елдердің қаржы жүйелерінде маңызды рөл атқарады. Қолма-қол ақша өзінің маңыздылығын сақтауда, бұл әсіресе COVID-19 пандемиясы немесе қолма-қол ақшаға сұраныстың күрт өсуі байқалатын экономикалық дағдарыс сияқты тұрақсыздық

кезеңдерінде өзекті болып отыр. Халық қолма-қол ақшаны неғұрлым қауіпсіз есеп айырысу құралы ретінде қалайды.

Сонымен қатар қаржы қызметтерінің қолжетімділігін жақсартуға мүмкіндік бере отырып, олар қолма-қол ақшаға балама бола алатындықтан, ОБЦВ-ға көңіл бөлінеді, бірақ бұл ретте ОБЦВ киберқауіпсіздік тәуекелдерін есепке алуды және жеке деректерді қорғауды талап етеді.

Қазақстанда қолма-қол ақшаны пайдалануда тұрақты өсім байқалады. Бұл экономикадағы қолма-қол ақша сомасының және жан басына шаққандағы банкноталар санының ұлғаюымен расталады және халықтың қолма-қол ақшаға деген сенімінің жоғары дәрежесін көрсетеді.

Қазақстанда қолма-қол ақшаны пайдалану үрдісін, сондай-ақ экономиканың қолма-қол ақшасыз төлемдермен шарықтау шегіне жақындағанын ескере отырып, бұдан әрі қолма-қол ақшасыз төлемдердің әртүрлі құралдарымен корреляцияға назар аудара отырып, Қазақстандағы қолма-қол ақша динамикасына зерттеу жүргізу орынды. Оның ішінде ұлттық валюта – теңгенің номиналды ақша белгілерінің қатарын оңтайландыру мәселесін қарау орынды. Олардың қолма-қол есеп айырысудың дәстүрлі нысандары мен қаржылық тұрақтылыққа әсерін қоса алғанда, Қазақстанда ОБЦВ ендірудің әлеуетті салдарларын зерделеу де орынды.

## Әдебиет

1. Cubides, E. and O'brien, S. (2023). 2023 Findings from the Diary of Consumer Payment Choice. [online] Available at: <https://www.frbsf.org/cash/wp-content/uploads/sites/7/2023-Findings-from-the-Diary-of-Consumer-Payment-Choice.pdf>.
2. Glowka, M., Kosse, A. and Szemere, R. (2023). Digital payments make gains but cash remains. [www.bis.org](http://www.bis.org). [online] Available at: [https://www.bis.org/statistics/payment\\_stats/commentary2301.htm](https://www.bis.org/statistics/payment_stats/commentary2301.htm).
3. Nguilfoyle (2017). Reports of the Death of Cash are Greatly Exaggerated. [online] SF Fed. Available at: <https://www.frbsf.org/research-and-insights/blog/community-development/2017/11/20/reports-death-of-cash-greatly-exaggerated/>.
4. Shirai, S. and Sugandi, E. (2019). ADBI Working Paper Series WHAT EXPLAINS THE GROWING GLOBAL DEMAND FOR CASH? Asian Development Bank Institute. [online] Available at: <https://www.adb.org/sites/default/files/publication/526906/adbi-wp1006.pdf>.
5. Trading Economics (2023). United States GDP. [online] Tradingeconomics.com. Available at: <https://tradingeconomics.com/united-states/gdp>.
6. Statistikdatabasen. (2024). GDP: expenditure approach (ESA2010) by type of use. Quarter 1980K1 - 2024K2-Statistikdatabasen. [online] Available at: [https://www.statistikdatabasen.scb.se/pxweb/en/ssd/START\\_NR\\_NR0103\\_NR0103A/NR0103ENS2010T01Kv/](https://www.statistikdatabasen.scb.se/pxweb/en/ssd/START_NR_NR0103_NR0103A/NR0103ENS2010T01Kv/).
7. Board of Governors of the Federal Reserve System. (n.d.). Federal Reserve Board - Currency in Circulation: Volume. [online] Available at: [https://www.federalreserve.gov/paymentsystems/coin\\_currircvolume.htm](https://www.federalreserve.gov/paymentsystems/coin_currircvolume.htm) (ҚААД кестесі).
8. Board of Governors of the Federal Reserve System. (n.d.). Federal Reserve Board - Federal Reserve Payments Study (FRPS). [online] Available at: <https://www.federalreserve.gov/paymentsystems/fr-payments-study.htm>.
9. Bank, E.C. (2021). Circulation. [online] European Central Bank. Available at: [https://www.ecb.europa.eu/stats/policy\\_and\\_exchange\\_rates/banknotes+coins/circulation/html/index.en.html](https://www.ecb.europa.eu/stats/policy_and_exchange_rates/banknotes+coins/circulation/html/index.en.html) (ҚААД кестесі).
10. Bankofengland.co.uk. (2017). Banknote statistics. [online] Available at: <https://www.bankofengland.co.uk/statistics/banknote> (ҚААД кестесі).
11. www.bankofcanada.ca. (n.d.). Bank of Canada note liabilities (formerly K1). [online] Available at: <https://www.bankofcanada.ca/rates/banking-and-financial-statistics/bank-of-canada-note-liabilities-formerly-k1/> (ҚААД кестесі).

12. Payments in Sweden 2020 1. (n.d.). Available at: <https://www.riksbank.se/globalassets/media/rapporter/betalningsrapport/2020/engelska/payments-in-sweden-2020.pdf>.

13. Riksbanken (2021) Riksbanken öppnar kontor i falun och jönköping, Sveriges Riksbank. Available at: <https://www.riksbank.se/sv/press-och-publicerat/nyheter-och-pressmeddelanden/nyheter/2021/riksbanken-oppnar-kontor-i-falun-och-jonkoping/>.

14. Riksbanken (2018) Statistics on banknotes and coins, Riksbank.se. Sveriges Riksbank. Available at: <https://www.riksbank.se/en-gb/statistics/statistics-on-payments-banknotes-and-coins/notes-and-coins/> (ҚААД кестесі).

15. Atlantic Council (2024). CBDC Tracker. [online] Atlantic Council. Available at: <https://www.atlanticcouncil.org/cbdctracker/>.

16. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ (2024). Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/407030?lang=ru>.

17. ҚҚҚ талдау орталығы (2024). Available at: <https://afk.kz/ru/analytics/obzoryi-finansovogo-sektora/obzor-ryinka-beznalichnyix-tranzakcij-za-1-polugodie-2024.html>.

18. «Сандж зерттеу орталығы» ҚҚ (2024), «ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ».